БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Ленин туы

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 255 (9573) | 1954 жылғы 25 декабрь Сенбі | Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тиын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Н. С. Хрущев жолдастың ағылшын ғалымы және қоғам қайраткері Джон Бернальмен әңгімесі (1-бет)
КОМСОМОЛ ТҰРМЫСЫ: Үстірт басшылық, елеулі кемшіліктер (2-бет).
**Л. Плеханова.** —Механизация училищесінде (2-бет).
ТАБЫС КІЛТІ — ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУДА:— **Е. Мырзахметов.** —Бір цехта. **М. Байқанов.** —Қажырлы еңбектің нәтижесі (2-бет).
**Ж. Мұзапаров.** —Жәку мен Жолдыбай (2-бет).
ЕГІСТІК АЛАҢҒА ЫЛҒАЛ ЖЫЙНАУ ШАРАЛАРЫН ТОЛЫҚ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАЙЫҚ **В. Ли.** Қар тоқтату тыңғылықты жүргізілсін. **Т. Кәдіров.** —«Әлі уақыт бар ғой» дейді. **Б. Жақыпов.** —Қар тоқтатуға кіріспей отыр (3-бет).
**Л. Прохорова.** —Жастардың инициативасы (3-бет).
**Л. Иванова.** —Жаңа рентген аппараттары (3-бет).
МАЛ ӨСІРУШІЛЕРГЕ КЕҢЕС: **Н. Филиппов.**—Жемшөпті алдын-ала әзірлеу жолдары (3-бет).
ССРО Жоғарғы сотында (4-бет).
БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясының аяқталуы (4-бет).
Бивеннің мәлімдемесі (4-бет).
Ағылшын қауымдар палатасында (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

## Механизатор кадрларын даярлау—маңызды міндет

Облысымыздың ауыл шаруашылығы отандық алдыңғы қатарлы техникамен жылма-жыл мол жабдықталуда. Тек үстіміздегі жылдың өзінде ғана облысымыздың МТС-тері мен совхоздары көптеген жаңа машиналар—комбайндар, тракторлар, шөп шабатын, жыйнайтын, астық тазартатын машиналар, қуатты астық кептіргіштер алды. Осыған байланысты облыс МТС-тері мен совхоздарында маман механизатор кадрларының саны да көбейе түсті. Үстіміздегі жылы облысымызға тың және тыңайған жерлерді игеруге көмектесу үшін Отанымыздың астанасы Москвадан, Украинадан, Ленинградтан және еліміздің басқа да қалаларынан жүздеген маман механизатор кадрлары келді. Мұның өзі ауылшаруашылық жұмыстарын өткен жылдармен салыстырғанда тез және сапалы жүргізуге, әсресе тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі абройлы міндетті ойдағыдай орындауға қолайлы жағдай туғызды.

Кәзір облыс ауыл шаруашылығы еңбекшілері алдына астық өндіруді онан әрі ұлғайту, бұл үшін тың және тыңайған жерлерді бұрынғыдан да көп игеріп, онда егін шығымдылығын барынша арттыру, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін молайту, сөйтіп елімізге азық-түлік товарларын мейлінше көп беру міндеті қойылып отыр.

Міне, бұл міндеттерді абройман жүзеге асыруда механизатор кадрларын даярлау ісін жақсартудың зор маңызы бар. Тың және тыңайған жерлердің алдағы жылдарда да кең көлемде игерілуіне байланысты 1955 жылы облыс МТС-тері мен совхоздары тағы да көптеген жаңа тракторлар, комбайндар және басқа да ауылшаруашылық машиналарын алады. Бұл жаңа техниканы ауыл шаруашылығы өндірісін онан әрі өркендетуге дұрыс пайдалану үшін механизатор кадрларын даярлауды осы бастан қолға алып, оны барлық жерде үлгілі ұйымдастыру қажет.

Рас, облысымыздың алдыңғы қатарлы МТС-тері жаңадан келетін техниканы, сондай-ақ кәзіргі қолда бар техниканы пайдалануға керекті механизатор кадрларын күні бұрын есепке алып, оларды даярлау жөнінде көп жұмыстар істеді. Бірақ облыстың барлық МТС-терінде жағдай бұлай деп айтуға тіпті де болмайды. Көптеген МТС-терде механизатор кадрларап тұрушылығы жиі кездескен болатын. Амал не, бұл МТС-тердің басшылары өткен жылдардың мұндай кемшіліктерінен тиісті қорытынды шығармай, жұмыстың бұл сияқты маңызды участогін төзгісіз артта қалдырып отыр.

Облыс МТС-терінің қай-қайсысында болсын механизация училищелері мен мектептеріне оқуға адамдар жіберу, МТС жанынан курстар ұйымдастыру жолымен механизатор кадрларын қажетті мөлшерде даярлауға толық мүмкіншіліктер бар. Бірақ не пайда, жоғарыда аталған МТС-тер басшыларының бұл іске немқұрайды қарауы салдарынан механизатор мамандығын алу үшін оқуға адамдар жіберу, МТС жанынан арнаулы курстар ұйымдастыру ісі әлі күнге дейін қолға дұрыс алынбай келеді. Ал бірқатар МТС-терде курстар ұйымдастыруға әзірлік, механизация мектептеріне жіберілетін адамдарды іріктеп алу жұмыстарының өзі де қолға алынбаған.

Астық өндіруді онан әрі арттыру—мемлекеттік маңызы зор іс. Ал мұндай күрделі міндетті орындау күресінде зор табыстарға ие болудың кілті—маман механизатор кадрларының қолында. Олай дейтініміз астық өндіруді онан әрі арттырудың қайнар көзі—тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру, көктемгі егіс, егін жыйнау, астық дайындау пар мен зябь жырту сияқты аса маңызды науқандардың мезгілінде, сапалы өткізілуі ең алдымен маман механизатор кадрларының жеткілікті болуына және олардың өз ісін жете біліп, өнімді еңбек етуіне байланысты.

Сондықтан МТС басшылары, партия ұйымдары механизатор кадрларын даярлау, қайта даярлау ісіне үнемі көңіл бөліп, оған әрқашан қамқорлық жасап отыруға тиіс. Механизатор кадрларын даярлау ісін бұдан әрі кешіктіруге ешбір төзуге болмайды. МТС басшылары және партия ұйымдары қанша механизатор кадрлары керек екенін жан-жақты есептеп, механизация училищелері мен мектептерде, курстарда оқуға адамдарды іріктеп алып, олардың мезгілінде оқуға барып, мамандықты толық меңгеруіне барлық жағдайды жасауға міндетті.

Механизатор кадрларын даярлауда МТС жанынан ұйымдастырылатын курстар үлкен роль атқарады. Олай болса, мұндай курстарда оқыйтындар үшін оқу құрал

## Н. С. Хрущев жолдастың ағылшын ғалымы және қоғам қайраткері Джон Бернальмен әңгімесі

1954 жылғы 25 сентябрьде Н. С. Хрущев жолдас ағылшын ғалымы және қоғам қайраткері, «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаты, профессор Джон Берналды қабылдаған болатын.

Жуырда профессор Бернал «Таймс» газетінде Н. С. Хрущев жолдаспен әңгіменің жазып алған үзінділерін жариялады. Төменде бұл әңгіменің жазылған толық тексті жарияланып отыр.

**Сұрақ.** Совет Одағының ауыл шаруашылығы саласындағы жаңа саясаты шетелдерде көптеген әртүрлі пікірлер тудырды. Бұл саясат көбінесе жаңа ауылшаруашылық кризисінің бейнесі және коллективтендіру системасының күйрегендігі деп суреттелуде. Ауыл шаруашылығына зор көңіл бөлініп отырғандығы, көптеген жаңа қаулылар және тіпті ауылшаруашылық көрмесінің өзі бұл көзқарастың дәлелі ретінде келтірілуде. Атап айтқанда, Сибирь мен Қазақстанда жаңа жерлердің асығыс өңделуі жағдайдың елеулі екендігін көрсетеді деп түсінілуде. Нақ осы себептен жаңа бағыт үшін зор дәрежеде жауапты болып табылатын Сіздің бұл мәселеге басшылыққа алынған негізгі саяси пікірлерді түсіндіріп беруіңізді менің естігім келеді.

**Жауап.** ССР Одағында ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету мәселелері жөнінде СОКП Орталық Комитетінің Пленумдары туралы баспасөзде жарияланған материалдарды сіз, әрине, оқыдыңыз. Бұл қарарлар шетелдерде көптеген пікірлер тудырды. Ауыл шаруашылығы саласында болып отырған кемшіліктерді біздің сынауымызды Совет Одағының жаулары өз мақсаттарына пайдалануда, бұл сынға өздерінше мән беруге тырысуда.

Шынында біз ауыл шаруашылығы саласындағы кемшіліктерімізді қатты сынап отырмыз. Бірақ біз қайдағы бір өкініш пен қынжылу сезімі салдарынан өзімізді-өзіміз соққылаумен шұғылданып отырғанымыз жоқ. Біздің мұны істеп отырған себебіміз сол, қатал сын біздің барлық қызметкерлердің жұмысты жақсырақ істеп, кемшіліктерді тезірек жою үшін біздің әлсіз жақтарымызды тереңірек түсініп, ұғынуына көмектеседі.

Совет Одағының Коммунистік партия... рексінуде. Міне, бұл тілекті қанағаттандыру біздің міндетіміз болып отыр.

Капитализм жағдайында мұндай реттерде, яғный товарды керексіну артып, қойылатын тілектер ұсынылатын товарлардан басым болып отырғанда, пайда түсіру үшін тамаша мүмкіндіктер туған болар еді. Бірақ, бізде істің жайы басқаша. Социалистік жол—өндірісті өркендетуде және бағаларды кеміту саясатын онан әрі жүргізуде. Сондықтан астықтың жетімсіз сияқты көрінуін дәл осы мағнада қарауға тиіспіз. Бұл арада кризис туралы сөз жоқ. Біздегі жағдай бұрынғы қай кездегіден болса да нашар болмай, қайта жақсы болып отыр. Әңгіме мынада: біздің дамуымыздың неғұрлым жоғары сатысында халық тұтынатын товарларды керексіну едәуір арта түседі.

Біздің партиямыз халық тұтынатын заттар өндірісін мейлінше ұлғайту және еңбекшілердің өскелең тілектерін барынша толық қанағаттандыру саясатын дәйектілікпен және қажырлылықпен жүргізіп келеді. Ал, товарлар өндірісінің дәрежесін жоғарылату үшін, астық өндіру дәрежесін жоғарылату керек, өйткені, астық, сайып келгенде, барлық басқа тамақ өнімдерінің негізі, тіпті ол-әлма—көпшілік тұтынатын көптеген товарлар өндірісінің негізі болып табылады. Астықты көбірек өндіру үшін Қазақстан мен Сибирьдің тың жерлерін—дәнді дақылдар өсіруге жарайтын кең көлемді құнарлы жазықтарды пайдалануға қарар қабылданды.

Жаңа жерлер бізге ең арзан астық береді. Тыңнан игеріліп жатқан жерлер—көптеген мильдер бойында ешқандай адыры жоқ жазық көп асыра айтпай, жұрт: дихан өзінің бораздасын ертеңгі тамақтан кейін бастап, айналмада түскі тамақ ішеді де, кешкі тамаққа дейін қайтып оралады, деседі. Бұл жерлерде астықтың өзіндік құны мейлінше төмен, сондықтан астықты осы аудандарда өндіру бізге тиімді.

Екі жылдан кейін бұл міндет шешіледі. Әуел баста біз 13 миллион гектар тың көтеруге жоспарлаған едік. Бұл жоспар ойдағыдай орындалуда: 1954 жылы тың жерге 3,5 миллион гектардан аса егін егілді, ал алдағы жылдың егісіне арналып небары 17 миллион гектардан аса тың жыртылды. СОКП Орталық Комите... зіргінің үстіне қосымша 300.000 гектарға жуық жерді қант қызылшасына беру есебінен өндіре аламыз. Судың көбірек болуын және көбірек көңіл бөлуді талап ететін мақта, овощь және басқа дақылдар егісінің жайы да осылай болып отыр. Ендігі жерде техникалық дақылдардың егіс көлемін халқы неғұрлым жиі орналасқан аудандарда дәнді егісті бір шама азайту есебінен ұлғайтуға болады.

Сонымен, ендігі міндет—еліміздің халқын тамақ өнімдерімен жабдықтау ісін жақсарту үшін астықтың жаңа ресурстарын пайдалануда.

Сіздің, әрине, былай деп сұрауыңыз мүмкін: егер бұл байлықтың бәрі, яғный тың жерлер, әрқашан да біздің іргемізде пайдаланылмай келген болса, біз бұл байлықты неліктен ертерек ескермедік? Халық бұл байлық туралы көптен бері, тіпті революцияға дейінгі ерте уақыттан бері ойлап келді. Тіпті патшалардың өздері де бұл тамаша жерді пайдаланбақшы болған ды. Бірақ, бұған күш жетпеді. Совет Үкіметінің алғашқы 10 жылдықтары тұсында да, бізде жеткілікті өркендеген ауылшаруашылық машина жасау өнеркәсібі әлі болмаған кезде де бұған күш жетпеді. Екі жылдың ішінде жыртылатын жаңа жерлердің көлемі Украинаның бүкіл егіс көлеміне тең болады және Украинада дәнді дақылдарға пайдаланып отырған жер көлемінен 1,5 есе артық болады. Бұл жерлерді игеру үшін ондаған миллион шаруалар керек болар еді, бірақ мұншама шаруаларды табу мүмкін болмады.

Тек енді ғана, социалистік индустрия өсіп, советтік машина жасау өнеркәсібі өзінің кәзіргі кемеліне жеткен кезде ғана мұндай зор көлемді жерді бір шама аз адамдардың көмегімен игеру мүмкін болып отыр. 1954 жылы тың жерлерді игеру үшін 120 мың трактор (15 аттың күшімен есептегенде), 10 мың комбайн және көптеген басқа техника жіберілуде. Бұл машиналардың ауылшаруашылық машина жасау өнеркәсібінің программасын ұлғайтпай-ақ бөлінгенін айта кету керек. Бұл жоспар жөніндегі қарарлар қабылданған кезде, біз еріктілерге үн тараттық; тың жерлерді игеру үшін бірнеше ондаған мың адам керек болды, ал, партияның шақыруына әуел бастан-ақ біздің пайдалана алатынымыздан анағұрру дәрежесін арттырады, электр қуатын тұрмыс қажеттеріне ғана емес, сонымен бірге, әсресе электр қуатымен жұмыс істейтін ауылшаруашылық техникасын қолдануға пайдаланады. Демек, шағын қуатты электр станцияларын салу өзін ақтап отыр, өйткені, бұл станциялар колхоздардың кезек күттірмейтін тілектерін қанағаттандыруда.

Болашақта елді электрлендіру ісінің өркендеуімен байланысты ірі электр станциялары ауыл шаруашылығына қуатты көбірек беретін болады, ал, мұның өзі кәзірде-ақ істеле бастады.

**Сұрақ.** Жаңа жерлерді игеруге беріліп отырған маңыз, әрине, мынадай сұрақ тудырады: мұның өзі одақтың оңтүстік-шығыс аудандарында қуаңшылыққа қарсы күресуге арналған үлкен ирригациялық жұмыстар мен басқа жобаларды жойғандық, немесе, ең болмағанда, қысқартқандық болмас па екен. Кәзір Азияны өркендетуге Европадан гөрі көбірек көңіл бөлініп отырған сияқты. Бұл қаншалықты дұрыс және мұның себептері қандай?

**Жауап.** Бұл әбден заңды сұрақ. Бірақ оның жауабы оңай. Біз елдің қайсы бір ауданын ғана өркендетуді көздеп отырғанымыз жоқ, сонымен бірге, біздің кәзіргі мұқтаждарымыз бен қолда бар ресурстарымызға байланысты Совет Одағын тұтасымен өркендетуді де көздеп отырмыз. Мысалы, біздің ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді арттырғымыз келеді. Мұны кәзіргі өңделіп отырған жерлерді неғұрлым сарқа пайдалану жолымен де, сондай-ақ жаңа жерлерді игеру жолымен де істеуге болады. Біз барлық егіс көлемінде егіннің шығымдылығын арттыру үшін мүмкін болған шараның бәрін істеудеміз. Егіннің шығымдылығын мықтап арттыру үшін бізде тыңайтқыштар көп болуы керек, ал, бұл үшін көптеген жаңа заводтар салу қажет. Мұның бәріне уақыт керек, ал, біз уақытты күтіп отыра алмаймыз. Кәзіргі уақытта менің жоғарыда айтқанымдай, экономикалық жағынан анағұрлым тиімді мәселе жаңа жерлерді игеруде болып отыр. Бұл жерлерді игеру астық өндіруді жедел арттырудың ең жақсы құралы болып табылады. Бірақ, біз егіс көлемін арттырып қана қоймаймыз, сонымен бірге ауыл шаруашылығын неғұрлым үдете жүргізуді көздейтін боламыз.

мыстары әлі күнге дейін шындап қолға алынбай отыр.

Алдағы жылы жұмыс істеуге облыс бойынша 1040 тракторшы, 963 комбайншы, 12 трактор бригадасының бригадирі, 119 трактор бригадалары бригадирлерінің көмекшілері жетіспейді. Осыдан кәзіргі уақытта небары 185 тракторшы, 8 трактор бригадасының бригадирлері ғана училищелер мен курстарда оқып жатыр. Ал күні осы уақытқа дейін облыс МТС-терінен комбайншылар мен трактор бригадалары бригадирлерінің көмекшілерін даярлайтын училищелерге, мектептер мен курстарға бірде-бір адам жіберілген жоқ.

Жекелеген МТС-терді алатын болсақ, жағдай бұдан да нашар. Пушкин атындағы МТС-те жаңадан 140 тракторшылар даярлау керек болса, бұдан небары бесақ адам механизаторлар даярлайтын училищеге оқуға жіберілген. Чапаев атындағы МТС-те 50 тракторшы жетіспейді. Осыған қарамастан бұл МТС-тің басшылары осы күнге дейін тракторшылық оқуға бірде-бір адам жіберген жоқ. Конопатов МТС-інде 74 тракторшы, 5 трактор бригадаларының бригадирлері, 20 бригадирлердің көмекшілері даярлануға тиіс еді. Бұдан бар болғаны 20 адам ғана тракторшылар даярлайтын курстарда оқып жүр.

Жағдай Чистян, Суворов атындағы, Калинин атындағы, Булаев, Образцовая МТС-терінде де дәл осындай. Аталған МТС-терде маман механизатор кадрларының жеткіліксіздігінен өткен жылдарда ондаған тракторлар мен комбайндардың және басқа да ауылшаруашылық машиналарының әлсін-әлсін сынып, босқа қажақсы маман кадрлар болып шығуына баса назар аудару керек. Сонымен бірге курста оқыйтындарға мәдени-тұрмыс жағынан да барлық қажетті жағдайды туғызып отыру қажет.

Техника қуатын толық пайдалану үшін механизаторларға әр мамандықты үйретудің маңызы да ерекше зор. МТС басшылары механизатор кадрларын даярлау ісімен айналысқанда, бұл мәселеге жете назар аударуға тиіс.

Маман механизатор кадрларын даярлау үшін механизация училищелері мен мектептерінің жұмысын мықтап жақсарту қажет. Облыстағы механизация училищелері мен мектептері жүздеген маман кадрлар даярлап шығарды. Солай бола тұрса да, олардың жұмысында әлі де болса елеулі кемшіліктер бар. Ең басты кемшілік сол—училищелер мен мектептерде тәжрибе сабақтары төмен дәрежеде өтіп жүр. Мұның өзі оқушылардың мамандықты толық меңгеруіне үлкен нұқсан келтіруде. Мәселен, Ленин атындағы механизация училищесін алайық. Мұнда оқушылардың тәжрибе жұмыстарымен шұғылдануына қажетті жағдай толық жасалмаған. Тәжрибе сабақтарын өтеуге байланысты құрал-жабдықтар жеткіліксіз.

Ендігі жерде мұндай кемшіліктерді дереу жойып, маман кадрларды даярлауға барлық жағдайды жасауға жетісу қажет.

Техниканың тетігін жете білетін, іскер механизатор кадрларын жеткілікті даярлап, алдағы жылдың ауылшаруашылық жұмыстарын мерзімінде, сапалы өткізуге, сөйтіп ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуде жаңа зор табыстарға жетуге барлық жағдайды жасайық!

...тарға сүйене отырып екі-үш жылдың ішінде халық тұтынатын заттар өндірісін шұғыл өрге бастыру міндетін қойды. Халық тұтынатын заттар өндірісін ұлғайту үшін ауыл шаруашылығын анағұрлым шапшаң қарқынмен өркендету, әсресе астық өндіруді мықтап арттыру керек екені түсінікті.

Біздің елде астық проблемасының шешілгені туралы партияның XIX съезінде И. В. Сталиннің және партияның XIX съезінде Г. М. Маленковтың жасаған мәлімдемелері және СОКП Орталық Комитетінің соңғы Пленумдарының астық өндіруді арттыру, тың жерлерде дәнді дақылдардың егіс көлемін ұлғайту қажет екендігі көрсетілген қаулылары арасындағы қайдағы бір қайшылықтар жайында шетелдерде көп әңгіме болды. Шын мәнінде мұнда қайшылық жоқ. И. В. Сталин мен Г. М. Маленков бізде халықты нанмен қамтамасыз ету үшін астықтың жеткілікті екенін айтқанда, олар әбден дұрыс айтты. Біздің еліміз өзінің астық жөніндегі тілектерін қанағаттандырып келді. Бізде астық кәзір де жеткілікті және қажетті резервтер бар. Бірақ адам жалғыз нанмен ғана өмір сүрмейді. Қайта адамның басқа тілектерінің өзі астық өндірудің арттырылуын жанамалап талап етіп отыр.

Совет Одағының өркендеуі, елдің экономикасының нығайтылуы және осының негізінде еңбекшілердің материалдық жағдайының арттырылуы соңғы бірнеше жылдың ішінде бізде бұрын көп мөлшерде болмай келген алуан түрлі товарлар жөніндегі тілекті анағұрлым арттыра түсті. Бізде жыл сайын товарлардың бағасы кемітіліп, жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысы өсіріліп, халықтың сатып алу қабілеті арттырылып келеді. Мұнда сапасы неғұрлым төмен товарларды керексіну азайып, керісінше, жоғары сапалы товарларды керексіну әлде қайда арта түсетіндігі түсінікті. Магазиндерде тәтті тағамдардың болуын талап етуші адамдар барған сайын көбеюде. Соғыстан кейін, бағалар қымбат болған кезде, халықты халық тұтынатын товарлармен жабдықтау қанағаттанарлық сияқты болған еді. Ал, кәзір, бірқатар жылдар бойы баға едәуір кемітіліп отырғанда, бұл товарлардың барлық түрлерін өндіру шынында да анағұрлым артып отырғанына қарамастан, жеке товарлардың кейбір жетімсіздігі байқалады. Халықтың қалың топтары ең сапалы товарларды көп кежоспарларды қайта қарады және қолда бар мүмкіндіктерді ескере отырып, 1956 жылы тың жерлерде дәнді егіс көлемін 28—30 миллион гектарға жеткізуге қарар қабылдады. Егер әр гектардан ең болмағанда 10 центнерден өнім алынатын болса, мұның өзі шамамен 300 миллион 800 миллион пұт астық болады деген сөз. Бұл—минимум өйткені, бұл жерлерде жыйналып жүрген астық өнімі көп жағдайда егін шығымдылығының бұл цифрынан 3 есе артық отыр.

Тың жерлерді игергеннен кейін біздің еліміз халықтың барлық тілектерін қанағаттандыруға, сол сияқты, мал шаруашылығын өркендетуге, экспортқа қажетті резервтер жасауға әбден жететіндей мөлшерде астық алатын болады. Біз дос елдерге, мысалы, өз жерлерінде жеткілікті мөлшерде астық өндіре алмайтын Чехословакия мен Герман Демократиялық Республикасына, егін шықпаған жылдары өз керектерін толық қанағаттандыра алмайтын Румынияға, Венгрияға және Болгарияға көбірек көмектесе аламыз.

Астық өндіруді арттырғаннан кейін біз оны сонымен қатар малдың азығына да көп мөлшерде пайдалана аламыз, мұның өзі шошқаны және басқа малды көбейтуге, оларды бордақылау ісін жақсартуға, яғный астықты етке айналдыруға мүмкіндік береді. Мынадай Украин мақалы бар: «дүниеде шошқа шұжығынан әсем құс жоқ» астық өндіруді арттыра отырып, біз осындай «құс» көбірек болса екен дейміз. Жаңа жерлерді игеру мал шаруашылығы үшін жемшөп өндіруді тезірек арттыруымызға көмектеседі. Біз жемшөптік дақылдар өсіру үшін жерді көбірек босата аламыз. Мұның өзі сүтті мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға, қой санын көбейтуге және жүнді көп өндіруге мүмкіндік береді.

Мұның үстіне, тың жерлерде астық өндіруді арттыру еліміздің басқа аудандарында дәнді егіске пайдаланылып отырған жердің бір бөлегін бұл аудандарда басқа маңызды дақылдар өсіру үшін босатуға мүмкіндік береді.

Біз кәзір, менің мұны жоғарыда айтқанымдай, астықтан басқа да көптеген өнімдерге мұқтаж болып отырмыз, ал өнімдерді біз кәзірдің өзінде игерілген аудандарда басқа дақылдардың егіс көлемін арттыру есебінен өндіре аламыз.

Мысалға қантты алыңыз. Бізге қант көбірек керек, ал, біз оны Украинада кә... адамдар болып отырғанда, біздің астықты қаншама алғымыз келсе, соншама алуымызға ешнәрсе бөгет бола алмайды.

Біз өзіміздің жақсы игерілген территорияларымызды да ұмытқанымыз жоқ. Сіз ауылшаруашылық көрмесін көрдіңіз ғой, ал, бұл көрме сауық үшін ашылып отырған жоқ. Бұл көрмеде біз әрбір облыстың, таңдаулы колхоздарының табыстарын көрсетіп отырмыз. Шаруалар көрмеге келіп, бұлармен танысып, өздерінің де осындай нәтижелерге жете алатынын түсіне бастауда. Біздің міндетіміз социалистік ауылшаруашылығының мызғымас негізі болып табылатын колхоздарды барынша нығайта беруде болып отыр. Біз қатардағы колхоздарды ең алдыңғы қатардағылардың дәрежесіне жеткізгіміз келеді. Көрме шын мәнісіндегі халықтық университет болып табылады.

**Сұрақ.** Көрмедегі ерекшеліктердің бірі онда селолық электр станцияларын өркендетуге көп көңіл бөлініп отырғандығы болып табылады. Бұл станциялар біршама шағын және менім ойыма, үнемді емес, өйткені, бұл станциялар өндіретін қуат Сіздердің кәзір салып жатқан қуатты электр станцияларыңыздан алынатын қуаттан гөрі қымбатқа түседі. Сіздер неліктен бұлай істеп отырсыздар?

**Жауап.** Сіз шағын электр станцияларының қуаты ірі станциялардың қуатынан гөрі едәуір қымбатқа түсетіні жөнінде өте дұрыс айтып отырсыз. Бірақ, осыған қарамастан, шағын электр станцияларын салу колхоздарға тиімді. Бізде, соғыстан кейінгі жылдарда электр станцияларының зор көлемде салынып жатқанына қарамастан, электр қуатының жеткіліксіздігі байқалып отырғанын еске алу керек. Өнеркәсіп, ірі электр станциялары беретін бүкіл қуатты түгелімен дерлік пайдалануда. Өнеркәсіптің электр қуаты жөніндегі тілектерін бірінші кезекті қанағаттандыру керек екені айқын. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы ірі электр станцияларынан қуатты әзірше аз алып отыр.

Колхоздар шағын станциялар салуда, өйткені, бұл станциялардың қуаты, деген мен де, ауыл шаруашылығында қолданылатын қарапайым двигательдерден алынатын қуаттан гөрі арзанға түседі. Колхоздар, шағын болса да, электр станцияларын сала отырып, ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіАл, мұның өзі біздің ирригациялық жұмыстарды жойып, немесе қысқартып отырғанымызды көрсете ме? Ешбір олай емес. Ирригация жұмыстары жүргізіледі және ол бағалы дақылдар —овощь, мақта, жүзім өндіруге анағұрлым тиімді жерлерде жүргізіліп те отыр. Бірақ, біз әзірше негізгі салмақты бұған салып отырғанымыз жоқ.

Біз әзірше өз күштерімізді анағұрлым мол өнім алынатын жерлерде жыйнақтауға тиіспіз. Бұл арада әңгіме экономикалық тиімділік пен мүмкіндіктер жайында ғана болып отыр. Бүгінгі күні біздің жаңа тракторды қай жерге жібергеніміз жақсы болар еді? Оны күніне 10 гектар жырта алатын ескі жерлерге жіберу керек пе, немесе бұл трактор жерді бұдан бірнеше есе артық жыртылатын және бұл жерлерде қосымша көптеген астық алуға болатын жаңа жерлерге жіберу керек пе?

Шетелдерде ауыл шаруашылығы саласындағы жаңа шаралар бүкіл советтік экономика саясатының түбірінен өзгергендігі болып табылады -мыс делініп отырғанын мен білемін. Мұндай сөздер шындыққа сай келмейді. Біз өнеркәсіпті өркендетуге назарымызды бәсеңдетіп отырған жоқпыз, өнеркәсіпті ауыл шаруашылығы үшін құрбан етіп отырған жоқпыз, өнеркәсіптің барлық салалары бұдан былай да белгіленген жоспарға сәйкес өркендетіле береді, соның өзінде ауыр өнеркәсіпті өркендетуге бұдан былай да белгіленген жоспарға сәйкес өркендетіле береді, соның өзінде ауыр өнеркәсіпті өркендетуге бұдан былай да баса көңіл бөлінеді. Быйылғы жылы және келесі, 1955 жылы заводтар жасап шығаратын шынжыр табанды тракторлар, плугтер, сеялкалар және басқа кейбір ауылшаруашылық машиналары көбінесе жаңа жерлерге жіберіледі. Демек, быйылғы жылы және келесі жылы өңделіп отырған ескі жерлерде шынжыр табанды тракторлар саны көбейтілмейді, бұл жерлерге отағыш тракторлар, культиваторлар және топырақ өңдейтін басқа құралдар, сонымен қатар бұл жерлердегі тракторларға запас бөлшектер жіберіледі. Ал, бұл уақыттың ішінде елімізде астық өндіру артады, сонда біз шығарылатын ауылшаруашылық машиналарын неғұрлым тең мөлшерде бөлуге қайтадан кірісе аламыз.

## Темірбетон бұйымдарын шығаратын жаңа заводтар

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Саран поселкесінде темірбетон бұйымдарының заводы пайдалануға берілді. Ол тұрғын үйлер құрылысына арналған бөлшектер мен шахталардағы кен жыныстарын тіреуге арналған темірбетон шығарады.

Қарабас поселкесінде темірбетон бұйымдар заводы салына бастады. Кәсіпорын жыл сайын төрт қабатты 15 үйдің құрылысына жететіндей құрылыс материалдарын шығаратын болады. Ол мұнымен қатар шахталардың жер үстіндегі құрылыстарына арналған комплектілер де жасайды.

Шерубай-Нұра поселкесі маңында темір-бетон бұйымдар жасайтын ірі заводтың құрылысы аяқталуға жақын. Котельныйдың және арматур мастерскойының үйлері салынды, электр линиясы тартылды, су проводы жүргізілуде. Бұл завод іске қосылғанда Қарағанды бассейнінде темірбетон бұйымдар өндіру он есе артады.

Келесі жылы Қарағандыда құрылыс материалдарының тағы да екі кәсіпорын —темірбетон заводы мен кең жыныстарын тіреуге арналған темірбетон бағаналар жасайтын завод салу белгіленді.

## Кемпірсай кеншілерінің еңбектегі табыстары

КЕМПІРСАЙ. (Ақтөбе облысы). (ҚазТАГ). Кемпірсай рудниктерінің кеншілері өндірістің 1955 жылға жоспарлаған дәрежесіне жетті. Тайкеткен руднигінің коллективі жылдық өндірістік жоспарын орындады. Экскаватор машинисі Даль сменалық нормаларын 140—150 проценттен орындауда. Ол бесжылдықтың басынан бері рудникте бірінші болып алты жылдық норма орындады. Дальмен жарысқа түскен экскаваторшы Цыбарт та нормасын осыншама асыра орындауда.

Батамшин руднигінің коллективі графикті мерзімінен бұрын орындап жұмыс істеуде. Кемпірсай кеншілері жыл аяғына дейін жоспардан тыс 30 эшелон руда шығаруды ұйғарды.

## Аудандық мәдениет үйіндегі әдебиет үйірмесі

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Пресногорков аудандық мәдениет үйінің жанында әдебиет үйірмесі құрылды. Онда жаңадан жаза бастаған ақындар мен прозашылар әдебиет теориясын оқып-үйреніп, үйірме мүшелерінің шығармаларын талқылайды. «Заря» атты әдеби қолжазба журналдың бірінші номері шықты. Журналда аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Александр Емельяновтың «Комсомолецтер астанадан келе жатыр», «Өн» деген өлеңдері жарияланды, Ақын бұл өлеңдерінде жаңадан қоныстанушылардың, өмірі мен тұрмысын баяндайды. Мәдениет үйінің директоры Николай Дегтярев өзінің «Бастама» деген өлеңін тың жерге алғашқы борозда тартқан қазақ қызына арнады. Мұғалім Павел Кизин өзінің майданда жазған өлеңдері мен мысалдарын жариялады.

Аудандық кітапханада сақталатын «Зоря» журналын оқушылар сүйіп оқыйды.

## Бір жолғы берілген 14 миллион сом жәрдем

ЛЕНИНОГОР. (ҚазТАГ). Лениногордың кен-руда кәсіпорындарында көп жылдар бойы жұмыс істеген жұмысшыларға, инженерлер мен техниктерге бір жолғы сый ақша беріле бастады. Сокольный руднигінің атақты кеншісі Кошевойға бес мың сомдай сыйлық беріледі. Қорғасын заводында көп жылдар бойына мінсіз жұмыс істегені үшін пешші Жабықбаев, 4.000 сом жәрдем алды. Выструшин руднигінің колонкалы бұрғылау мастері Сухобаевский де осындай мөлшерде сыйлық алады. Быйыл кеншілер мен металлургтерге небәрі 14 миллион сомдай жәрдем берілді.

Қалалық жыйнақ касссасы әрбір кәсіпорындарында сақтық ақша қабылдайтын пункттер ашты. Сокольный руднигінің 200-дей жұмысшысы ақшаларын жыйнақ касссасына әкеліп салды.

## КОМСОМОЛ ТҰРМЫСЫ

# Үстірт басшылық, елеулі кемшіліктер

### (Совет аудандық комсомол конференциясынан)

Аудандық комсомол конференциясы өткізілетін күн белгіленгеннен кейінгі бір апта бойы ҚЛКЖО Совет аудандық комитетінің секретарьлары Мұқашев пен Заиковская жолдастар тыным таба алған жоқ. Өйткені бір жыл бойы істелген жұмыстар туралы қолда бар мәліметтер аудандық комитеттің есепті баяндамасы үшін жеткіліксіз болатын. Сондықтан да болу керек, олардың бір- бірімен сөйлескен сөздері сұраулық мазмұнда болып, кабинеттегі телефон трубкасына кезек-кезек баруда болды.

—Жуырда «Аралағаш» колхозында аудандық партия комитетінің секретары Козин лекция оқыды білем? —деп сұрайды Мұқашев Заиковскаядан.

—Жастардың социалистік жарысында бірінші орынға ие болған Совет МТС-дегі Прокопий Ульяновтың комбайн агрегаты емес пе?—дейді Заиковская.

Аудан көлеміндегі колхоздар мен совхоздардағы бастауыш комсомол ұйымының секретарьларының атына жаңбырдай жауған қатынастар мен күн ұзаққа шылдыраған телефон қоңырауы да бір толастаған жоқ.

—Жыл бойы неше комсомол жанадан қабылданды?

—Қанша жыйналыс өтті?

—Мал шаруашылығында неше комсомолец жұмыс істейді? —деген мазмұндағы сұрақтар тасқыны да телефон сымы бойымен барып жатты.

Бұл сыяқты жергілікті жерлердегі істің нақтылы жағдайын жете білмеушіліктен телефон арқылы алынған мәліметтер негізінде жасалған аудандық комсомол комитетінің есепті баяндамасы да үстірттік мазмұнда болып шықты. Жалпыға мәлім қағыйдалар мен міндеттерді хабарлаудан басталған бұл баяндамада аудандық комсомол комитеті мен жергілікті жерлердегі бастауыш ұйымдардың жыл бойы жүргізген жұмыстары жөнінде құрғақ цифрдан басқа ешқандай шешімді қорытындылар болмады. Аудандағы комсомолецтердің жалпы саны 1590 адам, олар ауыл шаруашылығы өндірісіне қызу қатысып жүр деген жалпылама цифрмен лық толы баяндамада озаттардың еңбек әдістері туралы бір де сөз болған жоқ.

—Біздің ауданға еліміздің түрлі түпкірлерінен мыңнан астам жастар келді. Олардың бәрі де ауыл шаруашылығының маңызды салаларында қажырлылықпен еңбек етіп жүр, —дейді Мұқашев жолдас өзінің есепті баяндамасында. Ал олардың қандай участокте, қалай еңбек етіп жүргендігі туралы баяндамада еш нәрсе айтылмады.

Колхоздар мен совхоздарда және МТС-терде жұмыс істейтін комсомолецтердің арасында социалистік жарыс формальді түрде ғана ұйымдастырылған. Ал есепті жылдық мектебінің оқытушысы Дмитриева, «Северный берег» колхозы комсомол ұйымының секретары Пономарева жолдастар комсомолдардың саяси оқуына нақтылы басшылық жасамағаны үшін аудандық комитеттің қызметкерлерін қатаң сынға алды.

Быйылғы жылы тың және тыңайған жерлерді игеру үшін еліміздің түрлі түпкірлерінен Совет ауданына мыңнан астам жастар келді. Тек Шағлы астық совхозының өзінде жүзден астам жастар партия мен үкмет алға қойған міндеттерді жүзеге асыру жолында қажырлы еңбек етіп жүр. Конференция делегаттары — Қыялы астық дайындау мекемесі комсомол ұйымының секретары Запольский, Сартомар МТС-нің тракторшысы Ширяев жолдастар бұл жас патриоттардың мәдени- тұрмыстық кажеттерін қанағаттандыру ісіне жеткілікті көңіл бөлінбей отырғандығына тоқталды.

—Аудандық комитеттің секретарьлары Мұқашев, Заиковская жолдастардың бірде-бірі жергілікті жерлерге барып, патриоттардың хал- жағдайымен танысуды еске алмады, —деді Ширяев жолдас. — Ал кейбір шаруашылық басшылардың ол жастардың мәдени- тұрмыстық жағдайына көңіл аудармауы, әсресе қысқы маусымда жастар үшін өте ауыр болып отыр. Мәселен, Сартомар МТС-нің директоры Мақаров жолдас жас патриоттардың тұрмыстық мұқтажын өтеуді мүлде естен шығарды.

Сол сыяқты жастар арасындағы физкультура мен спорт жұмыстарын өрістету де өз дәрежесінде емес. Аудандағы колхоздардың бәрінде «Колхозшы» ерікті спорт қоғамы бар. Бірақ бұл ұйымдардың бірде- бірінде спорт жұмысы жүргізіліп отырылған жоқ. Есепті баяндамада колхоздар мен совхоздарда 40 төменгі физкультура коллективі құрылды, оған 980 комсомолец қатысады делінген. Шындығында бұл тек цифр ғана.

Совет ауданы облыстағы шаруашылық жұмыстарының барысы жағынан артта қалған аудандардың бірі. Аудан быйыл мемлекетке астық тапсырудың жоспарын орындай алмады. Мал өсірудің түлік бойынша жоспарының орындалуы да қанағаттанғысыз. Сол сыяқты аудан МТС-теріндегі әрбір 15 аттық күші бар трактормен жұмысталған жердің көлемі 531 гектар ғана, мұның өзі облыс бойынша көрсеткіштен 119 гектар кем. Ал, колхоздар мен совхоздар шаруашылығының маңызды саласында жұмыс істейтіндердің көпшілігі комсомолецтер. Оған мысал ретінде аудандағы тракторшылардың 70 проценті комсомолецтер болып табылатындығын айтып өту жеткілікті.

Аудандық комсомол комитеті комсомолецтер мен одақта жоқ жастарды партия мен үкмет алға қойған міндеттерді орындауға жұмылдырып, олардың еңбектегі



Қарағандыдағы музыкалық училищеде 20-дан астам жас өспірімдер мен қыздар музыкамен айналысады. Оларға тәжрибелі мұғалімдер сабақ береді.

СУРЕТТЕ: екінші курстың студенті **З. Әмрина** қазақтың халық аспаптарын үйрену үстінде. Сабақты жүргізіп тұрған мұғалім **М. Айтқалиев.**

**(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).**

## Механизация училищесінде

Петропавлдың ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесінде көптеген жастар оқыйды. Олар отандық жаңа техниканы меңгеріп, ауыл шаруашылығы мамандары болып шығады. Училищені бітірген көптеген оқушылар жаңа совхоздарға жіберілуде. Быйыл осы училищені бітірген көптеген жастар тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандарда қажырлылықпен еңбек етті.

Бұл күндері Петропавл ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесінде 637 адам оқып жүр. Олардың көпшілігі партияның шақыруы бойынша тың жерлерді игеруге келген патриоттар, енді аз күннен кейін олар да училищені бітіріп, жаңа совхоздарға жұмыс істеуге барады. Мәселен, Нина Осипова Ворошиловград қаласынан келді. Нина онда паровоз жасау заводында токарь болып істеген еді. Енді ол комбайншы мамандығын алып, Қазақстанның шетсіз, шексіз далаларында дала кемесін жүргізетін болады.

Училищенің оқытушылар коллективі арнаулы білімі бар мамандармен толықтырылған. Олардың көпшілігінің мұнда жұмыс істей бастағанына 10 жылдан асты.

Жақында училищеге Минск трактор заводынан тағы да бір «Белорусс» тракторы келді. Училищенің оқушылары отандық жаңа техниканы ойдағыдай меңгеріп, алдағы көктемде облысымыздың егіс далаларында жұмыс істейтін болады.

# Табыс кілті—еңбек өнімділігін арттыруда

## БІР ЦЕХТА

Цех конторында бес- алты адам отыр. Олардың өзара кеңесі бір мәселені талқылауға арналған. Кәдімгі кіші-гірім жыйналыстан бір де кем емес. Әрқайсысы әртүрлі пікір білдіреді. Кей кезде қызу айтысқа да түсіп кетеді.

—Жолдастар, сендер қалай ойлайсыңдар... қалған бір апта ішінде осыншама заказды орындап шығу мүмкін емес қой, —деді сепкіл бет қара жігіт.

—Жоқ, орындап шығуға әбден болады.

Бұл жауап зор сеніммен айтылды. Мұны айтқан цех бастығы Виктор Васильевич Королев еді.

Меніңше болмайтын сыяқты.

—Дәлелің?

—Дәлелім сол, уақыт аз қалды.

—Сөз емес, —деді Виктор Васильевич мыйығынан күліп. Уақыт аз!... Сол да дәлел болып па?... Ал мен бұл заказды бір аптада толығынан орындап шығамыз десем, деректі дәлелдер келтіре алам...

Цех бастығы цехтың ішкі мүмкіншіліктерін жыйналғандардың алдына алақандағыдай жайып салды.... Цех коллективінің күші, озат адамдардың қаншалықты жұмысты орындай алатындықтары, соңғы кезде өндіріске енгізілген рационализаторлық ұсыныстардың тигізетін пайдасы... қысқасы барлық мүмкіншіліктер аян етілді.

—Ал енді не айтасың? —деп Виктор Васильевич жеңдім бе дегендей мақтанышпен, талас пікір айтқан жұмысшыға күлімдей қарады.

—Мен не айтайын, —деді анау жеңілгенін мойындап. Маған кереті айтқан уәдемізді орындап шығуымыз, орындай алмай қаламыз ба деп қорқамын.... Уәдені күшімізге, уақытқа шақтап берсек деймін.

—Қорқатын түгі де жоқ, бәрі де есептеулі, —деді цехтың бақылау мастері Дурнов, —бірінші январьға дейін заказды орындаймыз.

Басқалар да мұның пікірін қостады. Сөйлесе, ақылдаса, салмақтай келе көп аукымы бір бағытқа ауды да бір арнаға құйылды.

—Олай болса, —деді цех бастығы, —бұл мәселені цех жұмысшыларының мақұлдауына саламыз да, заказды орындауға дереу кірісеміз...

Бұл шойын құю- таразы заводының механикалық цехында болып өткен, цех жұмысы үшін зор маңызы бар бір әңгіме еді.

Заводта жуық арада тың жерлерде ұйымдастырылған жаңа совхоздар үшін екі жүз трактор шаналарының тіркеуін жасап беру туралы заказ келіп түсті. Бұл заказ әрі сапалы, әрі тез орындауды қажет етеді. Бүкілхалықтық зор мәні бар іске үлкенді-кішілі болсын еңбекпен үлес қосу әрбір совет азаматына қуаныш та, мақтаныш та емес пе? Сондықтан совхоздардан түскен заказды ойдағыдай мұнда сменалық нормасын толығынан орындамайтын, онымен қанағаттанбай асыра орындамайтын бірде-бір жұмысшы кездестіре алмайсың. Бәріде нормасын орындайтындар, асыра орындайтындар. Жонушы Александр Кузнецов, ұста Владимир Лебедев, штамп жасаушы Мария Морозова сыяқты еңбек озаттары ерекше көзге түседі. Бұлар қажырлы еңбектері үшін құрметке бөленгендер, цех мақтаныштары. Олардың қолынан үнемі әрі тез, әрі сапалы жасалған бұйымдар шығады. Егер Лебедев пен Морозова жолдастар сменалық нормаы 170- 200 проценттен орындаса, Кузнецов одан да жоғары көрсеткішке ие болған. Оның айлық тапсырманы орындауы 250 -260 проценттен кеміп көрген емес.

Кузнецов тек еңбек озаты ғана емес, сонымен бірге жаңашыл рационализатор. Оның рационализаторлық ұсыныстары өндіріске көптеп енгізілуде. Өткен уақытты былай қойғанда тек төртінші тоқсанның өзінде ғана рационализаторлық 3 ұсыныс жасап, олар түгелдей өндіріске енгізілді. Мысалға жаңа совхоздар үшін жасалынатын дала кухнясының қазан орнататын шеңберін кесу туралы жасаған ұсынысын алайық. Технология бойынша бұл жұмыс бұрын қолмен атқарылатын, яғный қалың темір жалпақ төстің үстіне салынып, кескішпен кесілетін-ді. Бұл адам күшін көп қажет ететін. Кузнецов бұл жұмысты оңайлатуды көздеп, көп ойланды. Ақыры көздеген мақсатына жетті де. Қазан орнататын шеңберді фрезерлік станокта екі кескішпен кесуді ұсынды. Сөйтіп, еңбек процесін 60 процентке жеңілдетті. 3500-4000 сом мемлекет қаржысын үнемдеуге мүмкіншілік берді.

Міне, осындай озаттардың табысты еңбек етулерінің нәтижесінде цех үстіміздегі жылдың өткен онбір айлық жоспарын 113,8 процент, оның ішінде ноябрь айының жоспарын 124,4 процент етіп орындады. Жыл басында белгіленген жоспар бойынша цех халық қажетіне тұтынатын ыдыстар жасауға 3,5 тонна алюмин жұмсауға тиіс еді. Бұл тапсырма екі есе асыра орындалып, 7 тонна алюмин жұмсалды. Одан кружка, шелек, ішіне сұйық заттар құятын сауыт сыяқты, тағы басқа да, барлығы 18 мың дана ыдыстар жасалынып, халық тұтынуына берілді.

Соңғы кезде бұл цех жасаған бұйымдарды облысымызда тың жерлерде ұйымдастырылған жаңа совхоздарға көптеп жіберілуде. Сонымен бірге 75 дала кухнясын жабдықтауға қажетті тетіктерді де жасап берді.

Механикалық цех тек Солтүстік Қазақстан облысын ғана қамтып қоймайды, мұнда жасалған бұйымдар көршілес басқа облыстарға да күн санап жөнелтіліп жатады. Қарағанды, Ақмола облыстарындағы кәсіпшілік комбинаттарының арба

## Қажырлы еңбектің нәтижесі

Қаладағы «Прогресс» артелінің коллективі пряник, печенье, шұжық, кондитердің әр сортын және тағамдардың басқа да көп түрлерін өндіретін алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бірінен саналады.

Әрине, артель басшыларына көп күш, көп уақытты қажет ететін және өнімді екі есеге жуық арттыратын жұмыстарды бірден игеріп әкету оңайға түскен жоқ. Дегенмен, сол мол өнім алудың жолын іздеп табу, өндірістік жоспарды жаңа міндеттер дәрежесінде орындау керек болды.

Тұтынушылар тілегін қамтамасыз ету үшін «Пищевик» артелінің кондитершілері «Прогресс» артеліне келіп қосылды. Өндірістік жыйналыста артель коллективі өз мүмкіншіліктерін есептеп, көтеріңкі жаңа міндеттемелер қабылдады. Мұнда, әсресе, социалистік жарысқа көп көңіл бөлініп, олардың айлық, тоқсандық қорытындылары шығарылып отырылды. Социалистік жарыстың кең өрістелуінің нәтижесінде Филиппова жолдас басқаратын пряник жасаушылар бригадасы айлық тапсырманы үнемі 150 проценттен орындап отырды. Айлық жоспарды мерзімінен бұрын орындауда Королева, Шихирина және Костина жолдастар еңбектің озат үлгісін көрсете білді.

Москва кәсіпорындарының бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы бастамасы барлық қала кәсіпорындарындағыдай «Прогресс» артелі коллективінің арасында да жаппай қолдау тапты. Коллектив мүмкіншіліктерін тексере келіп, жыл аяғына дейін өнімнің өзіндік құнын жоспарда көрсетілгендегідей 3 процент емес, 5 процентке арзандатуға, еңбек өнімділігін барынша арттыру және жылдық жоспарды ноябрь айының ішінде орындауға міндеттеме алған болатын.

Осы міндеттемелер кеңінен талқыланып, артель жұмысшыларын бұрынғыдан да жігерлендіре түсті. Тәтті тағам жасаушылар орта есеппен алғанда айына 27 тонна өнім шығаратын болды. Артель бойынша ноябрь айының жоспары 107 процент, ал декабрь айының жоспары мерзімінен 6 күн бұрын орындалды. Көпшілік тамақтандыру орны 1 миллион 200 мың сомнан астам тағамдарды сатып, жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға жетісті.

Ал сауда бөлімі 800 мың сомның өнімін сатты. Артельдің өндірген өнімдерін тұтынушыларға көптеп сату жолында Титяева, Естафеева, Демченко және басқа да көптеген жолдастар қажырлылықпен еңбек етуде. Бұлар өндірістік жоспарды әрқайсысы 120- 150 проценттен кем орындап көрген жоқ. Коллективтің осылайша қажырлылықпен еңбек етуінің нәтижесінде жоспардан тыс 610 мың сомның өнімін тапсырды. Сол сыяқты өнім-

[illegible] циалистік жарысқа қызу қатысты» делінуін делегаттар аудандық комсомол комитеті секретарларының өз ісіне үстірт қарағандығы, жергілікті жерлердегі нақтылы жағдайды білмейтіндігі деп бағалады.

Комсомолецтер мен жастардың саяси оқуына басшылық жасау ісі де өте төзгісіз кемшілікте. Бұған мысал ретінде Каганович атындағы колхоздағы жағдайды алуға болады. Бұл колхоздағы комсомолецтердің партия тарихын үйрену жөніндегі үйірмесін жетіжылдық мектептің директоры Лизун жолдас басқарады. Есепті баяндамада үлгілі деп атап көрсетілген бұл үйірмеде жыл басынан бері небары бір-ақ рет сабақ өткізілді. Ал тек қағаз жүзінде ғана бар деп есептелінетін, іс жүзінде ешқандай жұмыс жүргізбей отырған үйірмелер мұнда ондап саналады. Конференцияда сөз сөйлеген Шағлы МТС-тің клуб меңгерушісі Лях, Сеновск жеті- [illegible] инициативалық ролін арттыруға, сөйтіп ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету күресінде жергілікті партия ұйымдарына сенімді көмекші болуға тиіс еді. Амал не, аудандық комитеттің қызметкерлері, әсіресе оның секретары Мұқашев және Заиковская жолдастар қағаз арқылы басшылық етуді өз стильдеріне айналдырып, жастарды еңбекке баулуға, сөйтіп комсомолецтерді ауыл шаруашылығын өркендету күресіне жұмылдыруға көңіл бөлмеді.

Конференция соңында ҚЛКЖО облыстық комитеттің секретары Ж. Нұрпейісов жолдас сөз сөйледі.

Конференцияда ҚЛКЖО аудандық комитетінің жаңа құрамы сайланды.

Конференция комсомол ұйымдарының өндірістегі ролін арттыру, жастарға коммунистік тәрбие беру ісін жақсарту жөнінде шаралар белгілеп, қарар қабылдады.

**Л. ПЛЕХАНОВА.**

## НАҒЫЗ АДАЛДЫҚ

Октябрь ауданындағы эпидемия станциясының шофері Алексей Антонович Медведев жолдас боранды күні Афанасьевка селосынан жол жүріп келе жатып бір сумканы кездестірді. Ол байланыс бөлімінің сумкасы болып шықты. Бұл сумканы Медведев жолдас Соколовка байланыс бөлімшесіне тапсырды. Сумканы аша келгенде одан 22 мың сом ақша шықты.

Медведев жолдас өзіне тән нағыз адалдықпен 22 мың сом ақшаны байланыс бөлімшесіне тапсырып, үлкен патриоттық іс жасады. Октябрь ауданының байланыс мекемесі шофер Медведевтің патриоттық ісін жоғары бағалап, оған ақшалай сыйлық берді.

**Х. ӘМІРОВ.**

[illegible] орындау жауапты да абыройлы еді. Ал бұл жауаптылық та, оны орындау абыройы да, әрине, атқаратын жұмысы бойынша механикалық цех коллективіне беріледі. Әлгінде ғана өткізілген әңгіме осы жайында болатын. Жиналғандар өз күштеріне сенген қалыппен, құрметті заказды орындау — жаңа жылға тарту болады деген пікірмен тарасты.

Олардың өз күштеріне сеніп, нақтылы уәде етуге мүмкіншілік жетіп жатыр. Механикалық цех завод бойынша үздік алда келеді. Тамаша жетістіктері үшін соңғы үш- төрт ай бойы заводтың Ауыспалы Қызыл Туын цех коллективі соңғы уақытта қолдан шығармастан берік ұстап отыр. Ай сайын өндірістік көрсеткішті жоғарылап, табысқа табыс ұласуда...

Цехта барлығы қырық жұмысшы бар. Олардың ішінде мынау артта қалды, деп біреуін атап көрсету қиын. Себебі, [illegible] лақтың втулкалары осы цехта жасалынып шыққан бұйымдар.

Цех коллективі, әсіресе соңғы айларда елеулі табыстарға ие болды. Ал москвалықтардың бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындап шығуға шақырып, барлық өндіріс орындарына жолдаған үндеуі бұл коллективті жаңа жеңіске жігерлендірді. Үндеуді кеңінен талқылап, соған сәйкес қолда бар күш- мүмкіншілік есепке алынды, сөйтіп жаңадан көтеріңкі міндеттеме қабылданды. Бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын, 1955 жылдың март айы ішінде орындап шығуға цех жұмысшылары бір ауыздан уәде етісті.

Бұл күндері цех коллективі осы уәдені, тың жерден түскен заказды орындау жолында қажырлылықпен еңбек етуде.

**Е. МЫРЗАХМЕТОВ.**

[illegible] ластырғанда 7 процент кеміп, еңбек өнімділігі 10 процент артты.

**М. БАЙҚАНОВ.**

## ОЗАТ ШОФЕР

Октябрь автомобиль ротасының шофері Иван Андреевич Дьяконов жолдас өзінің машинасын күрделі жөндеусіз 165 мың километр жол жүрді. Ол егін жинау және мемлекетке астық тапсыру маусымы кезінде мемлекетке астық тапсыру жұмыстарына белсене қатысты. Бұл үшін Дьяконов жолдас екі рет ақшалай сыйлық алды.

Бұл күндері шофер Дьяконов жолдас Семиполка селосында салынатын астық дайындау мекемесіне тас тасып жүр. Ол бұл жұмыста да күндік тапсырмасын үнемі асыра орындап, игі жұмыстың тамаша үлгілерін көрсетіп келеді.

**М. МАРЛАНОВ.**

# ЖӘКУ МЕН ЖОЛДЫБАЙ

Шаруашылығы жинақты, мал қораларының маңайы таза, үйлерінің ішісырты ағартылған, адамдары өмірдің үлкенді- кішілі оқиғаларына әрдайым құлақ асып отыратын колхозды ауылдар бар. Ондай колхоздардың астық сарайлары ұқыпты шаруаның үйіндей таза, әйнекше көздері шынылаңған, есік тақтайлары қалың, көлденең тартқан темірі шомбал және сарайлары құлыптаулы болады. Олар жыл сайын керекті тұқымын тазалап құйып, шөбін үйіп алып отырады. Ондай артельдерге көктемде келсең, егісті қызу жүргізіп жатқанын көресіз. Басқа колхоздарда үш- төрт күн болып, қайта оралсаң:

—Егісті аяқтадық, — деп жымиып тұрған колхоз председателіне кездесесіз. Июнь, июль, август айларында басшылары ұқыпты, колхозшылары жұм, ұйымшыл колхоздардың бар адамы шөпте болады. Егін орағы кезінде келсең, комбайндары үздіксіз жүріп, қырмандарда астық тазаланып, кептіріліп, машиналарға тиеліп, элеваторға жөнелтіліп жатады. Белін буынып, жеңін сыбанып еңбектенген колхозшылардың бусанған кескініне көзіңіз түскенде сүйсінгендік сезім бүкіл жүйке- тамырыңызды көз ашып жұмғанша аралап өтеді.

Бір- екі рет қар жауып, күн суыта бастаған қыстың алғашқы күндерінде келсең, тұқымды тазартуды дендеп қойған, мал қораларына жақын үйілген жота -жота маялар айыр ұстаған колхозшы шаруалар еңбегінің ескерткішіндей тым жақын, тым ыстық көрінеді де:

—Біздің колхозшылардың еңбегі —батырлық. Ол болашақ күннің қамын ертерек ойластыратын ұқыпты, еңбексүйгіш адамдар, —деген ой басыңызға сап өте түседі.

Сондай колхоздардың бірі — Октябрь ауданындағы «Бірлік» ауылшаруашылық артелі. Ол ауылға, ол ауылдың адамдарымен әңгімелесуге, сырласуға үнемі құштарланып тұрасыз. Ауылда екі көше бар. Мектеп, кітапхана, дүкен, колхоз кеңсесі, астық сарайлары, жабық қырман ортада. Ағаш үйлер саны көбейіп келеді. Жел диірмен мен сиыр, қой фермалары ауыл шетіне, Есіл жағасына салынған.

—Қой қоралары жаңа, іші ұядай жылы. Бірақ талдан тоқылған қора ғой, көпке бармайды, —дейді түнгі күзетші Жәку Бітіков қойлар қамалған шашпаларды аралап келе жатып.

Бақташылардың үйінде отырмыз. Төбесін шатырлап келтірген үш бөлмелі шым үй. Жылы, жарық. Еденге тақтай төселген. Велосипед, қосауыз мылтық бөлмелердің арасын бөліп тұрған бөрене қабырғада ілулі тұр. Төсек- орын жиналған кровать оң жақта. Столға қойылатын үлкен сағат тырсылдап жүріп тұр.

Жәку Бітіков —түнгі күзетші. Сақалын қырып, мұрт қойған. Жасы 58-де. Орта бойлы қысық көз, қараторы кісі.

Басына ақ орамал тартқан Шарбан даладан бізбен бірге келген жылқы фермасының меңгерушісі Жұма Смағуловқа сырлы тостағанмен айран ұсынды. Жұма қалың киімдерін шешініп, таяғын сүйеп Шарбанның айран ұйыту өнерін мақтап, жымиып қояды.

Күндізгі қойшы Жолдыбай Райымбеков шолақ сәкінің шетінде, жалаңбас қалпында Жәкудің қой шаруашылығы жөніндегі әңгімесін тыңдап отыр.

—Онекі жыл диірменші болдым. Сонсоң Пленумының қаулысынан кейін колхоз басқармасы маған —қой фермасына барсаңыз қайтеді?— деді. —Барайын,— дедім. Қой деген біздің халқымыздың сүйікті малы ғой. Жүні—киім, терісі—былғары, еті —денсаулыққа пайдалы, —деп қойды күту жайына көшті.

—Қойға беретін азық бізде шөп. Бір мезгіл суарамыз. Күн жылы болса іңірлетіп, суық болса, күн бата қамаймыз. Қыс болған соң күн бірде суық, шақырып тұрады, бірде күзгі шуақтай жылынып та кетеді. Күн аяз болып шақытқан күні онда қойды қорадан кештетіп, күн көзі көтеріліп, жайланған соң шығарамыз, өйткені қорадан ерте шығарғанмен суықтан қорғалаған қойлар шөп жемейді. Кей күні жылы екенін білеміз де шашпаға шөп шашып, сонсың қойларды қорадан шығара бастаймыз, — деді де Москвадан хабар беріп тұрған репродукторға қарады.

Есік маңдайшасына 1955 жылға газетке жазылуға шақырған плакат, зоотехник Мағаз Нұржановтың қойларға шөп шашу, суару, оттық тазалау және үшжылдық курста оқитын колхозшылардың тізімі қағылған. Репродуктор плакат пен тізімнен жоғары ілінген.

—Қой жоспары 103 процент орындалды. Өткен жаз қоздаған қой—470. Бірақ қойларымыз онша семіз де емес, онша арық та емес. Орташа күйі бар. Оның себебін айтайын: биыл екі мыңнан астам қойды айнала біржарым километр жерге жайдық. Бұрын шабылған егін орнына жаюшы едік, биыл комбайншылар күндіз шауып, тракторшылар түнде жыртып тастап отырды. Сонсоң біздің қойымыздың күйін төмендеткен нәрсе — алғашқы жауған қар. Жер қатпады, сондықтан түнгі қора да, шөп шашатын алаң да су болды, не қатпады, не кеппеді. Ұзақ таңға қойлар жатпай шығып жүрді. Демалмаған соң күндіз жегені далаға кетті. Қойларға деген шөбіміз ең тәуірі. Әйтсе де нашар да шөп бар, өйткені күз жаңбыр көп болды ғой. Оның үстіне біз әлі мая салуды, маяның төбесін шошайтып, биіктетіп шығаруды білмейміз. Мына совхоз маяларын көрсең, қызыққаннан маңайынан кеткің келмейді: төрт қырлы, әрі биік, әрі дәл төбесі шоп- шошақ. Ондай маядан су өтпейді, —деді де Жұмаға күлімсірей қарады.

—Колхоз басшылары, —деді Жәку сабырлы кескінмен, — базға келісімен, Жолдыбай екеуімізден, осындағы барлық қойшылардан қойларың қалай, күйлі ме? Нешеуі семіз, нешеуі арық? Қоздайтыны қанша, қоздамайтыны нешеу? Қой су ішті ме, жоқ па? —деген көптеген сұрақтар қояды. Біз осында мал күтушілер болып, өз тарапымыздан колхоз, онан да жоғары аудан басшыларына бір сұрақ қойғымыз келеді. Ол мынадай: мәселен, колхоз басшылары көктем егісі кезінде колхоздан бұра басып ешқайда шықпайды. Күнітүні трактор бригадасының басында болады. Сол сияқты, аудан басшылары. Көктем егісі кезінде ауданымыздың бүкіл басшыларын көріп, танысып қаламыз. Егін орағы кезінде де колхоздан аудан басшыларының бірін аттандырып жатсаң, екіншісі машинадан түсіп жатады...

—Сен немене, аудан басшыларының колхозға келуіне қарсымысың? — деді Жұма қалжыңдап.

—Аудан басшыларының колхозға келуіне мен қарсы емеспін, мен басшылар колхозға, қой фермасына жиірек келсе екен деймін. Басшылар колхозға көктем егісінде келеді, егін орағы кезінде болады. Тындырып жатқан ісіңе жоғарғы жер, басшылар мынауың дұрыс, мынаны олай істеме, бұлай істеген жөн деп тұрса, ілгері ентелеген көңілің лепіріп, неңдей қиындық болса да жеңгің келіп тұрады. Істеген ісіне көршіңнің әйтпесе, басшыңның көңіл аударып, елеп тұрғаны —бір бақыт қой, шырағым. Мына шөпке шыққанымызда, мал қоралап, қолға қарағанда жасыратыны жоқ, шырағым, басшылар колхозға келуін сиретіп жібереді. Барлық жиналыс, барлық сын көктем мен егін бастыру кезінде аяқталғандай жиналыс болмайды, сын айтылмайды, шөпшілер өзімен өзі болады. Шөп шабу басталысымен колхоз басшыларының қалаға барып, демалыс алатын мерзімі туады. Содан барып, жарты күн шөп шабылса, жарты күн шабылмайды. Күндіз салынған мая таудай болса, кешке қарай салынған мая да бір, шошақ та бір. Неге олай? Көз жоқ, бақылау жоқ, ие жоқ. Жұма, сен, көңліңе не аларсың, не алмассың, оны өзің білесің. Бірақ бұл дұрыс емес. Колхоз шаруашылығы үшін астық не, шөп не, бәрібір. Әрине, біздің колхоз арқан, айырын алып барып, ешкімнен шөп сұрап көрген емес, сонда да жасыратыны жоқ, шөп шабуда кемшілік бар, —деді көздері жайнап, өңі сұрланған Жәку.

—Аудан басшыларының мал шаруашылығына көңіл бөлуінің нашар екені рас қой. Біздің қой базымызға не аудандық атқару комитетінің председателі, не райком секретары келіп, мал күтулерің қалай? Не тілек, мұқтаждарың бар?— деп бірде- бір рет сұраған емес қой. Жақында базға Семиполка МТС-нің директоры Мальченко жолдас келді. Қораға кірді, қойларды аралап шықты. Сөйтіп, онбес- жиырма минуттей болып, кетіп отырды. Аты- жөнін де біле алмай қалдық, — деді жалаңбастанып отырған Жолдыбай.

—Жәку екеуіміздің өз тапқанымыз өзімізге жетеді. Ол жиырма төрт сентр, мен жиырма сентр астық алдық. Ақшадай алғанымыз алты мың сом. Сыртта жүрген екі қара көк бие — қысқы соғымымыз. Қол диірмен тасын әлдеқашан Есіл суына лақтырып жібердік. Оны қайтеміз? Колхозымызда қазір әрі движок, әрі жел диірмен бар. Бізге, қой базы басындағыларға керегі— елеу, назар. Біз, әрине оқыған адам емеспіз, сондықтан айтқанымыз әрдайым дұрыс бола бермес, дегенмен Москва, Алматыны тыңдап отырамыз. Газет- журналын қолтықтап келіп тұратын зоотехнигіміз бар. Оған қоса жиналысқа барып тұрамыз. Мектепте мұғалімнен естігенін балаларымыз айтып келеді...

Біздің мал күтуде жүрген адамдарға көбірек көңіл бөлінсе екен деген тілегіміз бар. Мына Шәрбан 470 қозы, 60 лақ күтіп өткен қыс қыстан шығарып берді. Жаңа туған қозылар мен лақтарды ауыздандыру, күту, оттықтыру осы кісінің қолында болды. 620 еңбеккүн тапты. Ал енді аяғында пима болмағандықтан қазір Шәрбан жазғы етікпен жүр. Піманы алыстан әкелетін емес, пима шығаратын жер —осы тұрған Петропавл. Егер колхоз председателі Тоғанбаев, аудандық атқару комитетінің председателі Мусиннің қой базындағы бақташылардың аяғының жазғы етіктен тоңып жүргені есіне түссе, райсоюзға алдыртар еді пималарды, —деді Жолдыбай көтеріңкі дауыспен.

—Колхоз малы —бәрімізге ортақ іс қой, шырағым. Сондықтан ортақ іс ілгерілесін деген ниетпен кейде түнгі ұйқымызды төрт бөлген ойларымызды айтып жатырмыз. Мана бір сөзімде қой қоралары талдан тоқылған шарбақ қо[illegible]лар, көпке шыдамайды дегенді айт[illegible] Ауылымызға радио, электр жарығы келді. Бұл үшін партия мен үкіметке мың алғыс. Енді малдарымыздың мекенін де жақсарту тілегіндеміз. Колхозымыздың председателі —Қасым Тоғанбаев бұрынғы комбайншы және жас. Колхоз басқарудың тәсіліне жетіле қоюына болмай да жатқан шығар. Бірақ ол колхоз ісіне адал, біз оған сенеміз. Үмітсіз емеспіз. Қасымнан, одан тәуір басшы шығар деп ойлаймыз да. Тек оған МТС, аудан басшыларынан да көмек болса, —деді Жәку.

Қойшы біраз ойланып отырып:

—Мал қыстату оңай емес, әрине. Бірақ қораларымыз жылы, шөп мол. Сұлы береміз деп айта алмаймыз. Шөпке қосып қойларға келер күз сұлы береміз. Биыл...

—Біздің Жәкең құлағы естігеніне тез сенеді. Қойларды сұлылауды қоя тұрып, осы әуелі аттарға жыл бойына сұлы берсек те жарар,—деді Жолдыбай жымиып.

—Мен құлағым естігеніне сенбе[illegible]н, партияға сенемін. Біз колхоз болғалы 25 жыл. Партия колхоздарды машиналандырамын деді ме? Машиналандырды. Аукатты тұрмыс жасаймыз деді ме? Жасады. Соғыста гитлершілерді жеңеміз деді ме? Жеңдік. Соғыстан кейін барлық жұмысты машина күшімен істейтін етеміз деді ме? Машинамен істейтін етті. Егінді саламыз трактормен, астықты жинаймыз—комбайнмен. Шөптің өзін машинамен шауып, енді былтырдан бері тасу да машина күшіне ауысты ғой. Енді бір арманым: қойларға оңды қора салып, лектрмен жарқыратсақ, суын ішінен берсек, қойлардың алдында бір мезгіл аққұйрық сұлыны төгіп тастасақ деймін. Бола ма бұл? Осы бір-екі жылда болады. Ал биыл қойларды қыстан аман шығарамыз. Келер күз қой табынына бәріміз болып алты жүз-жеті жүз қозы қосамыз,—деді Жәку өзінің болашақ жоспарына қуанғандық түрмен.

**Ж. МҰЗАПАРОВ.**

# Егістік алаңға ылғал жыйнау шараларын толық жүзеге асырайық!

☆ ☆ ☆ ☆

## Қар тоқтату тыңғылықты жүргізілсін

Егіннен мол өнім алу күресінде егіс алаңына қар тоқтату ісінің маңызы ерекше күшті. Алдыңғы қатарлы шаруашылықтар егіс алаңына қарды көптеп тоқтату, соның негізінде егістік жерлерде ылғалдың мол сақталуын қамтамасыз ету арқылы дәнді дақылдардың шығымдылығын едәуір арттырып келеді.

Қар тоқтату, әсересе біздің облыстың ауа райы жағдайында өте пайдалы. Үстіміздегі жылы көктемде және жазда жерде ылғалдың аз болуынан облысымызда егіннің шығымдылығы айтарлықтай болмады. Қар тоқтату ісіне жете маңыз берген кейбір шаруашылықтарда ғана астық шығымы айтарлықтай болды. Бұл жөнінде мысалға Мамлют ауданындағы «Победа» колхозын алуға болады. Бұл колхоздың Антошин жолдас басқарған егіс бригадасының мүшелері өткен қыста қар тоқтату ісіне ерекше маңыз беріп, оны тыңғылықты жүргізді. Егіс алаңына қар көптеп тоқтатылды. Мұның өзі игі нәтижесін берді. Бригада мүшелері 144 гектар жаздық бидайдың әрбір гектарынан 20 центнерден өнім алды. Ал қар аз тоқтатылған участоктердегі егіннің өнімі небары 7-8 центнер болды.

. Булаев ауданындағы Коминтерн атындағы колхоздың № 3 бригадасының мүшелері де қарды көп тоқтатылған 200 гектар алаңға егілген жаздық бидайдың әрбір гектарынан 150 пұттан өнім жыйнады. Ал, басқа участоктердің гектарынан 10,5 центнерден ғана өнім алынды.

Бұл фактілердің барлығы егіс алаңына қар тоқтату—егіннен мол өнім алуға келелі үлес қосатындығын, осы себепті бұл маңызды іске қазіргі уақытта айырықша көңіл бөліну керектігін дәлелдейді.

Жыл сайын облысымызда қар тоқтату жұмысының көлемі ұлғаюда. Тың және тыңайған жерлерді игеруге және егіс көлемінің ұлғаюына байланысты быйыл облыс колхоздарында қар тоқтату жұмысы кең көлемде жүргізілмек. Өткен жылға қарағанда быйыл қар тоқтатылатын егіс алаңы екі еседен артады.

Қар тоқтату жұмысының көлемінің ұлғаюын ескере отырып быйыл облысымыздың бірқатар шаруашылықтары бұл іске әзірлік жұмыстарын жан-жақты жүргізіп, оны ұйымдасқан түрде бастады. Бұл жөнінде мысалға Чистян МТС-ін алуға болады. Бұл МТС-тің агрономдары, колхозшылары егіс алаңына қар тоқтатудың жоспарын жасап, онда трактор күшінің, көлік күшінің толық пайдаланылуы жете ескерілді. МТС бойынша барлығы 16 мың 70 гектар жерге қар тоқтату жоспарланды. Әрбір егіс бригадасына қар тоқтатудың бескүндік тапсырмасы беріліп, оның орындалуы қазірден бастап қадағалануда.

Осы МТС-тің қамтуындағы Куйбышев атындағы колхоздың комсомолецтері МТС агрономы Синюкова жолдастың басшылығымен 10 декабрьге дейін 200 гектар жерге қар тоқтатты. Ал «Пролетарское знамя» колхозында 600 гектар парға қар тоқтататын қалқандар қойды. Соңғы күндері колхозда трактор қаржыртқыштары жұмыс істей бастады.

Қар тоқтатуға МТС коллективі де тыңғылықты әзірленген. МТС бойынша 20 трактор қар жыртқышы әзірленді. Бұл әрбір колхозда 2-3 қаржыртқыш жұмыс істейді деген сөз.

Ленин ауданындағы «Бұлақ» колхозының колхозшылары егіс алаңына қар тоқтатуға ұйымшылдықпен кірісті. Колхозшылар агроном Қосыбаев жолдастың көмегімен 229 гектар күздік егіске қар тоқтатты. Олар быйылғы жылы барлығы 6417 гектар пар мен зябьке қар тоқтатуды жоспарлап отыр. Колхозшылар бұл міндетті аброймен орындап шығу үшін бұл іске трактор және көлік қаржыртқыштарын кеңінен пайдаланып келеді.

Қар тоқтатуда осындай бірқатар игілікті жұмыстармен бірге елеулі кемшіліктер де бар. Облыстың бірқатар МТС-тері және колхоздары қар тоқтатуға жете назар аудармай келеді. Бұл МТС, колхоз басшыларының кінәсі. Өйткені олар «қар тоқтатуға әлі уақыт бар» деп арқаны кеңге салып жүр.

Шағлы МТС-нің коллективі 33516 гектар егіс алаңына қар тоқтатуға тиіс. Рас, МТС мамандары бұл жұмыстың графигін жасап, оны әрбір колхозға, бригадаларға жіберді. Бірақ МТС басшылары график жасаумен істі тындырып отыр. Олар жасалған графиктің орындалуына күш-мүмкіншілікті пайдаланбай келеді. Керек десең, бұл МТС-те қар тоқтатуда осы уақытқа дейін бірде-бір трактор жұмыс істемейді. Осының салдарынан МТС бойынша 20 декабрьге дейін колхоздарда бірде-бір гектар егіс алаңына қар тоқтатылған жоқ. Мұндай кемшіліктер басқа МТС-терде де бар.

Қар тоқтату—маусымды жұмыс. Сондықтан МТС, колхоз басшылары бұл іске трактор және көлік қаржыртқыштарын кеңінен пайдаланып, егіс алаңдарына қар тоқтататын бөгеттердің көптеп жасалуын қамтамасыз етуге міндетті. Агрономдар бұл жұмыста ұйымдастырушылық роль атқарады. Олар қар тоқтатуға күнбе-күн басшылық жасап, бұл жөніндегі бескүндік графиктердің сөзсіз орындалуына жетісіп отыруға тиіс.

Егіс алаңына қарды көптеп тоқтатып, ылғалдың мол сақталуына жетіскен жағдайда ғана келесі жылы егіннен мол өнім алуға келелі үлес қосуға болады.

**В. ЛИ,**

**Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ауыл шаруашылығы насихат басқармасының бастығы.**

☆

## Қар тоқтатуға кіріспей отыр

Соңғы күндері Булаев ауданының бірқатар колхоздары мен совхоздары егістік алаңға қар тоқтату жұмысын қызу қолға алды. Совет астық совхозында қар тоқтатуға шыежыртғабанды төрт трактор бөлінген. Олар жұмысқа өнімді пайдаланылады. Мәселен тракторшы Н. Петрущенко, И. Гобермень жолдастардың әрқайсысы «С—80» тракторымен күн сайын 130 гектар жердің қарын жыртып, бұл жөніндегі тапсырмасын асыра орындап жүр. Сол сыяқты басқа да тракторшылар еңбекті өнімді істейді. Осының нәтижесінде совхоздың егіс далаларында күн сайын 800—900 гектар алаңның қары жыртылады. Қазір совхозда 3 мың гектардан астам алаңға қардан қарұстағыш қалқандар тұрғызылды.

Қар тоқтату жұмысын Возвышен, Ұзынкөл совхоздарының коллективтері, «Гигант» колхозының мүшелері де ұйымшылдықпен жүргізіп келеді. «Гигант» колхозында тек соңғы бір бескүндікте ғана 1000 гектар пар мен зябьтің қары жыртылды, жүздеген гектар егістік жерлерге қар ұстайтын қалқандар қойылды.

Дегенмен аудан колхоздарының көпшілігі егіс алаңдарына қар тоқтату ісіне әлі кіріспей отырғанын айта кетуіміз керек. Калинин атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздарда келесі жылдың егістері үшін жыртылған 30 мың гектар пар мен зябь бар. Бұлардың барлығына да қар тоқтату жоспарланып отыр. Бірақ сол жоспардың жүзеге асырылуы ұйымдастырылмаған. Осы уақытқа дейін МТС қамтуындағы бірде-бір колхоз қар тоқтатуға кіріскен жоқ.

Егіс алаңдарына қар тоқтатуды ұйымдастыруда МТС-тің рөлі күшті екені мәлім. Алайда Калинин атындағы МТС-тің басшылары, әсересе директордың уақытша міндетін атқарушы және бас агроном Власов жолдас өз міндетінің дәрежесінде бола алмай отыр десек, бұл асырып айтқандық болмайды. Өйткені ол колхоздарда қысқы агротехникалық шараларды, оның ішінде егістік участоктерде қар тоқтатуды ұйымдастыруды мүлдем естен шығарған. Ол-ол ма, МТС қар тоқтатуға әзірлік те жасамаған. Мамлют механикалық жөндеу заводынан бұл МТС-ке 20 қаржыртқыш бөлінген. Ол қаржыртқыштардың дайын тұрғанына айдан астам уақыт болғанын Власов жолдас жақсы біледі. Бірақ соларды Мамлюттен МТС усадьбасына жеткізуді ескермейді. Сондай-ақ МТС-те бұрыннан бар тракторға тіркелетін екі қаржыртқыштың бірде-бірі жөнделген жоқ.

Жағдай Булаев МТС-де де дәл осындай. Осы МТС қамтыйтын Коминтерн атындағы колхоздың председателі Кухаренко жолдас былай дейді:

—Біздің колхозда 6 мың гектар егістік, мың гектар шабындық жерлерге қар тоқтатылуы тиіс. Мұны МТС-тің көмегінсіз орындап шығу мүмкін емес. Бірақ қар тоқтатуды ұйымдастыру және

## „ӘЛІ УАҚЫТ БАР ҒОЙ" ДЕЙДІ

Үстіміздегі жылы Ленин ауданының колхоздарында егіннің шығымы айтарлықтай болмады. Ауданды тұтас алғанда астық өнімінің тағайындалған мемлекеттік тапсырмасы орындалған жоқ. Осы себепті бірқатар колхоздар астық дайындау, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу тапсырмаларын орындай алмады.

Өткен жылы кейбір колхоздардың, әсересе «Қазақстанның 30 жылдығы», «Орталық», «Еңбек», Амангелді атындағы колхоздардың басшылары қар тоқтату мәселесіне айтарлықтай көңіл аудармады. Олар қар тоқтатуды екінші қатардағы жұмыс деп санады. Бұл жөнінде МТС-тер де колхоздарға іс жүзінде көмекті аз көрсетті. Осының салдарынан быйыл ол колхоздардың егістік алаңдарында ылғал өте аз болды да, астық шығымы төмен болды.

Быйыл бұл ауданда қар тоқтатылатын егіс алаңының көлемі өткен жылғыдан

...ңына қар тоқтату үшін іске осы бастан кірісу керек еді. Бірақ колхоз басшылары қар тоқтату мәселесін естен шығарған. Колхоз председателі Акин жолдастың өзі «жерде қар әлі аз» деген пікірде. Мұнда қар бөгеттерін жасау, талдан, қамыстан қалқандар әзірлеу ескерілмеген. МТС-тің участкелік агрономы Баграмов жолдас осы колхозда тұрады. Ол қар тоқтату ісіне колхозшы шаруаларды жұмылдыра алмай отыр. Осы себепті ертеден колхоз әлі күнге дейін қар тоқтатуға кіріскен жоқ.

Қар тоқтатуға кіріспей отырғандардың бірі—«Еңбек» колхозы. Егер колхоз басшыларының егістік алаңда ылғалдың мол болуына жаны ашыған болса, онда осы уақытқа дейін жүздеген гектар егіс алаңына қар тоқтатылған болар еді. Бірақ колхоз председателі Үмітбаев жолдастың өзі қар тоқтатуға жанды басшылық жасамай жүр.

...жолдастардың егіс алаңына қардың көп тоқтатылуына назар аудармайтындықтарын көрсетті.

Егіс алаңына қар тоқтату қысқы агротехникалық шаралардың ең негізгісі. Сондықтан бұл іске агрономдар күнбе-күн басшылық жасап, колхозшылар арасында ұйымдастырушылық роль атқаруға тиіс. Ауданда кейбір агрономдар бұл мәселеге жеткілікті көңіл бөлмейді. Бұл жөнінде мысалға Образцовая МТС-нің бас агрономы Қожасов жолдасты алуға болады. Ол «Қазақстанның 30 жылдығы», «Орталық» колхоздарында болған уақыттарында қар тоқтату ісінің жайымен таныспайды да.

Ауданда қар тоқтатуды үлгілі ұйымдастырып отырған шаруашылықтар жоқ емес. «Бұлақ» колхозының колхозшылары агроном Қосыбаев жолдастың басшылығымен қазірдің өзінде жүздеген гектар егіс алаңына қар тоқтатты. Олар пар мен



Қаладағы А. И. Микоян атындағы ет- консерв комбинаты клубы жанында көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істейді. Мұнда әртүрлі үйірмелер бар. Олар жұмысты жұртшылық тілегіне сай жүргізуде.

СУРЕТТЕ: шекті аспаптар үйірмесінің мүшелері (солдан оңға қарай) **Г. Тетяева, З. Демина, З. Савченко** және **Б. Головина** жолдастар Кардаполь күлдіргі әндерін орындап отыр.

Суретті түсірген **Г. Иванов.**

## Жаңа рентген аппараттары

Облыстық денсаулық сақтау бөлімінің участкелік емханалар үшін бес рентген аппараты алынды. Бұрын, 1951 жылы облысымыздың 11 ауданында тек бір ғана рентген аппараты болатын. Ал 1954 жылы Булаев, Конюхов, Ленин, Октябрь, Преснов, Приешім және Совет аудандарында рентген кабинеттері жұмыс істей бастады. Қазір барлық аудандарда физиотерапевтикалық және тіс емдеу кабинеттері бар.

Облысымыздың ауыл -селоларындағы дәрігерлік пункттердің саны да көбеюде. Өткен жылы 39 селолық емхана болса, қазір олардың саны 59-ға жетті. Жаңа ұйымдастырылған совхоздарда сондай -ақ алыстағы ауыл-селоларда да емханалар мен дәрігерлік пункттер жұмыс істей бастады. Облысымыздың колхоз, совхоздарында және МТС-терінде 8 фельдшерлік пункттер ашылды. Соколов ауданының Малышко селосында, Октябрь ауданының «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында да дәрігерлік пункттер ашылды.

Быйыл дәрігерлердің қатары маман дәрігерлермен, техниктермен, медицина сестраларымен толтырылды. Облысымызға 54 дәрігер келді. Олардың 37-сі үстіміздегі жылы медицина институтын бітіргендер. 13 жас дәрігер жаңа совхоздарда табысты еңбек етуде. Дзержинский атындағы совхозда жұмыс істейтін Смоленский медицина институтын бітірген Владимир Иванович Привале жолдас өзінің табысты еңбегі арқылы жұртшылықтың қамқорлығына бөленген.

Алдағы жылы дәрігерлік пункттердің саны быйылғыдан да көбейеді. Жаңа совхоздардың емханаларындағы койкалардың саны онға дейін көбейеді. Алыстағы ауыл-селоларда 6 участкелік емхана және 6 фельдшерлік пункттер ашылады. Жаңа ұйымдастырылған Молодежный, Ильич атындағы және Тамань дивизиясы атындағы совхоздарда 3 емхана ашылатын болады.

**Л. ИВАНОВА.**

## ЖАСТАРДЫҢ ИНИЦИАТИВАСЫ

Возвышен астық совхозының комсомол- жастары мал қыстатуды өткізу және көктемгі дала жұмыстарына ойдағыдай әзірлену жөнінде бағалы инициатива көрсетті. Олар Булаев ауданының жастарына арнаған өздерінің үндеуінде 1-январьға дейін дәнді дақылдар тұқымын жоғары кондициялық сапаға жеткізуді, тракторларды, автомашиналарды және басқа тіркемелі ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді, қысқы агротехникалық шараларды тыянақты жүргізіп, 100 мың шым- тезек шірінді құмыраларын дайындауды ұйғарды. Мұнымен бірге, олар әрбір сауын сыйырдың өнімділі-

...ды тазарту үшін 4 комсомол- жастар звеносы құрылды. Олар ұйымшылдықпен еңбек етіп, 20 мың центнерден астам тұқым тазартты. Әсересе, Геннадий Николаенко басқаратын звеноның мүшелері тамаша еңбек үлгілерін көрсетуде.

Бес комсомол- жастар бригадасы қар тоқтатуға кірісті. Николай Ибировтың бригадасы 100 гектар алаңның қарын тоқтатты. Сол сыяқты, шым- тезек шірінді құмыраларын жасау үшін де звенолар ұйымдастырылған.

Мал шаруашылығы жұмыстарына комсомол- жастардан 35 адам жіберілді. Ал

135 мың гектар егістік аланға қар тоқтатуға тиіс. Мұның көпшілігі тың және тыңайған жерлер есебінен игерілген пар мен зябь. Мұнша егіс алаңына тек көлік немесе қолмен қар тоқтату қиын. Сондықтан техника күші тиімді пайдаланылуы керек.

Қазіргі жағдайдың барысы Ленин ауданында қар тоқтату ісіне өте маңыз берілмей отырғандығын дәлелдейді. Көп колхоздардың басшылары «қыстың әлі 4-5 айы бар, қарды тоқтатып үлгіреміз» деген зиянды пікірдің шырмауына түсіп, бұл істі ұйымдастырмай жүр. Пікірімізді дәлелдеу үшін нақтылы фактілерге тоқталамыз.

Быйыл «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында тың және тыңайған жерлер есебінен ғана 5447 гектар пар мен зябь жыртылды. Бұл көлемдегі егіс ала-

трактор күшімен тоқтатылуы керек. Бұл жұмыс графигі мінсіз орындалу үшін аудан МТС-терінде 205 трактор қаржырғышы жұмыс істеуі керек еді. Бұл уақытқа дейін МТС-терде осы трактор қаржыртқыштары да әзірленбеген. Ильич атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздарда 50 трактор қаржыртқышы жұмыс істеп, 24 мың гектар егіс алаңына қар тоқтатылуы тиіс. Осыдан 20 декабрьге дейін бірде-бір гектар егіс алаңына қар тоқтатылған жоқ. Тіпті мұнда бұл мерзімге дейін бірде-бір қаржыртқышы әзірленбеген. МТС басшыларына Мамлют жөндеу заводынан 50 трактор қаржыртқышын алу жөнінде хабарландырылғанына бірсыпыра уақыт өтті. Амал қанша, олар заводтан барып қаржыртқыштарды алуды ескермей отыр. Бұл фактінің өзі МТС директоры Букатин, МТС-тің бас агрономы Матюшенко

трактор қаржыртқыштарын кеңінен пайдаланып жүр. Колхозшылар 6417 гектар егіс алаңына қарды көптеп тоқтатуға міндеттеніп отыр. Ауданның партия, совет ұйымдары қар тоқтату ісіндегі осындай алдыңғы қатарлылардың іс-тәжрибелерін кеңінен таратуға, сөйтіп аудан бойынша жұмыстың қарқынды жүргізілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Аудан еңбекшілері келесі жылы егіннің барлық түрінен мол өнім алуға міндеттеніп отыр. Бұл міндеттің мінсіз жүзеге асырылуы егіс алаңына қардың мол тоқтатылуына да тығыз байланысты. Сондықтан аудан басшылары істеті орын алған кемшіліктерді жоюды, МТС, колхоз басшыларынан қатаң талап етулері керек.

**Т. КӘДІРОВ.**

отыр. МТС қар тоқтату жұмысына әрнап әлі трактор бөлген жоқ. Бізде шөп тасып жүрген бір «ДТ—54» тракторы бар еді. Тракторшылардың ұқыпсыздығынан оның радиаторына су қатты. Сондықтан оны МТС мастерскойына апарып тастағанымызға 3—4 күн болды. Осы уақытқа дейін небары 150 гектар ғана жерге қар тоқтатылды. Колхозда бар үш қаржыртқыш трактордың жоқтығынан босқа қарап тұр.

Қар тоқтату—егін өнімділігін арттырудағы маңызды шара. Олай болса бұл жұмыстағы кемшіліктерге төзімділік жасауға болмайды. Сондықтан Булаев ауданындағылар колхоздарда қар тоқтату жұмысының ойдағыдай жүргізілуін қамтамасыз етуге тиіс.

**Б. ЖАҚЫПОВ,**
**(Өз тілшіміз).**

тәуліктік салмағын 750 грамға жеткізуге, комсомол- жастардың күшімен мал қыстайтын жерлерге 45 мың центнер жемшөп тасуға міндеттенді.

Қазірдің өзінде қабылдаған міндеттемелердің едәуірі орындалды. Осы жылдың 12 декабріне дейін ауылшаруашылық саймандары жөндеуден өткізілді. Тұқым-

тырылды. Комсомолец- тракторшылар Николай Строкарь және Василий Семан жолдастар смена сайын 4 рейс жасап отырады. Бригада екі апта ішінде мал қыстауларының қасына 30 мың центнер шөп тасыды.

**Л. ПРОХОРОВА.**

## Мұз айдынында

Майбалық көлінің жағасына орналасқан Булаев совхозының жастары өздерінің инициативасымен каток жасады. Жаңа катокке прожекторлар жарық беріп тұрады. Күн сайын жұмыстан кейін мұз айдынында коньки теуіп жүрген көптеген жастармен бірге қарттарды да көруге болады.

Осы катокты жасауға белсене қатысқан Анатолий Нусеновтың комсомол-жастар бригадасы облыс бойынша трактор бригадалары жарысында екінші орынға ие болды. Бұл үшін ол КЛКЖО облыстық комитетінің құрмет кітабына жазылды. 15 тракторшы БЛКЖО Орталық Комитетінің «тың жерлерді игергені үшін» значогімен наградталды.

**Л. ПАВЛОВА.**

*Мал өсірушілерге кеңес*

# Ірі сабақты жемшөпті алдын-ала әзірлеу жолдары

Қысқы маусымда малды күтіп-бағу жұмыстары жаздағыдан едәуір қиындайды. Мал өсірушілер мен мал мамандарының фермаларындағы малды аман сақтау, сиырлардың сүттілігін кемітпеу жөніндегі жауапкершілігі артады. Мал санын көбейтудегі аса маңызды науқан болып табылатын аналық малдарды төлдетуге әзірлеу және оларды төлдету, жаңа туған төлді дұрыс өсіру, соның негізінде мал шаруашылығының жоғары өнімділігін қамтамасыз ету жұмыстары да қысқы маусымда жүргізіледі. Міне, сондықтан да қыс мал шаруашылығын өркендетудегі аса жауапты кезең болып табылады.

Мал қыстатуды үлгілі өткізу үшін істелетін жұмыстардың түрлері көп. Солардың ішіндегі ең маңыздысы—малды азықтандыру жұмысы. Өйткені малды азықтандыру ісін дұрыс ұйымдастырмайынша, мал қыстатуды ойдағыдай өткізу мүмкін емес. Мал қыстатуды табысты өткізуде жемшөптің шешуші роль атқаратындығына қарамастан, быйыл облыс колхоздарының көпшілігі пішен, дәнді, тамыржеміс азықтар әзірлеу жоспарын орындамады. Бірқатар колхоздарда қысқы маусымға әзірленген мал азығының едәуірі, атап айтқанда 40—60 проценті сабан -топан болып отыр. Ал сабан- топанды сол күйінде бергенде оны мал сүйсіне жемейді. Оның себебі: сабанның азықтық нәрі аз болады, клетчаткалары ірі келеді де, малдың асқазаны оны тез сіңіре алмайды. Бірақ сабанды малға алдын-ала әзірлеп берсе, ол жемшөп қорын толықтырудағы, малды азықпен қамтамасыз етудегі бірден-бір бағалы резерв екендігі сөзсіз.

Совет ғылымы мен алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың тәжрибелері сабанды малға алдын-ала әзірлеп, нәрлендіріп, малдың организмінің тез сіңіруіне икемдеп берудің тиімді тәсілдерін жасады және оны едәуір жетілдіре түсіп келеді. Мұның өзі сабанның малазықтық қасиетін арттыра түсіп отыр.

Сабан -топанды малға алдын-ала әзірлеп берудің кейбір тәсілдерін біздің облыстың колхоздары да қолданып келеді. Облыс колхоздарында жиі қолданылып жүрген тәсіл—сабанды турап беру. Сабанды турағанда оның құнарлылығы артады. Сондай -ақ мал организмінің сабанды бойға сіңіру қызметі де жеңілдетіледі. Бұлай етіп бергенде, сабанды мал тауыса жейтін болады да, жемшөптің ысырабы азаяды. Сонымен бірге сабанды турау, оны малға алдын-ала әзірлеудің ең оңай және жабайы түрі болып табылады.

Сабанды турағанда оның ұсақталу мөлшері түрліше болады. Сабанды сиыр малы мен жылқыға беру үшін оның ұзындығын 3—5 сантиметр етіп, ал қойға беру үшін 2—3 сантиметр етіп турау керек. Сиыр малы мен жылқыға берілетін сабанды жоғарыда көрсетілген мөлшерден ұсақтап турауға болмайды. Өйткені өте ұсақталып туралған сабаннан жылқы өлі тиіп ауыруы мүмкін.

Облыс МТС-терінің барлығында да жеткілікті мөлшерде жемшөптурағыш машиналар (сабантурағыш, универсалды «ИК—3» типті жемшөптурағыш тағы басқалары) бар. Мұның өзі колхоздарда сабанды турау жұмысын едәуір жеңілдетеді. Сондықтан бұл машиналарды жемшөпті алдын- ала әзірлеуге толық пайдалану қажет.

Туралған сабанды малға берер алдында нәрлендірген жөн. Сабанды нәрлендірудің бірнеше жолдары бар. Туралған сабанды тұзды сумен, сұразық сөлімен араластырып, кебек, күнжара дәнді дақыл жармасын сеуіп сүрленген азықпен араластырып, ұнтақталған түйнекті- тамыржеміс қосып нәрлендіруге болады. Қалаға жақын колхоздар сабанды малға нәрлендіріп беру үшін барданы және сыра бөртпесін пайдаланулары керек.

Сабанды алдын-ала әзірлеп берудің тағы бір тиімді әдісі оны буландыру және қайнату болып табылады. Бұлай еткенде сабан жұмсақ болады, сондай-ақ егер сабан суға тиіп бүлінее, көгере бастаған болса, онда ол буландыру, немесе қайнату арқылы зиянсыздандырылады. Сондықтан буландырылған, қайнатылған сабанды мал сүйсіне жейді.

Туралған сабанды буландыру үшін заводта жасалған «ЗК—0,5» немесе едәуір жетілдірілген және жұмыс өнімділігі жоғары «ЗКП—10» машиналарын пайдалануға болады. Сондай-ақ бұл жұмысқа локомобильдерді, котелдерді де кеңінен қолдануға болады.

Өткен қыста Мамлют ауданының «Зерновая фабрика» колхозы туралған сабанды буландыруға локомобильдің буын кеңінен пайдаланды. Сөйтіп колхоз мал өсірушілері әрбір бас ірі қарамалға күн сайын 7 килограмнан буландырылған және нәрлендірілген сабан беріп отырды. Мұның өзі колхозда дайындалған мал азығының тапшылығына қарамастан, мал қыстатудың табысты өткізілуіне, сонымен бірге қысқы маусымда сиырлардың сүттілігін арттыруға мүмкіндік берді. Туралған сабанды малға буландырып беруді Конюхов ауданының «Красная крепость» колхозы, Полудень ауданының Чапаев атындағы, «Путь Ильича» колхоздары, Ленин ауданындағы «Новый путь», Преснов ауданындағы «Красный партизан» колхоздары ойдағыдай ұйымдастырды. Облысымыздың бірқатар колхоздары бұл жұмысты үстіміздегі қыста да үлгілі ұйымдастырып отыр.

Быйыл көптеген колхоздар ірі сабақты мал азығын алдын-ала әзірлеуге ерте әзірленді. Полудень ауданының Молотов атындағы, Тельман атындағы, Мамлют ауданының «Зерновая фабрика» тағы басқа колхоздарында туралған сабанды буландыратын шегенделген орлар бар. Ордағы сабанды буландыруға бұл колхоздар «ЗК—0,5» азық буландырғышын, локомобильдерді тиімді пайдаланып келеді. Сабанды буландыру кезінде сабан толтырылған ордың беті арнаулы қақпақпен жабылады. Ол қақпақ орға арнаулы түтіктер, не басқа тетіктер арқылы жіберген буды далаға шығармайтындай болып бекітіледі. Сабанды буландыратын ор қостүпті болуы керек, екінші түп торкөзді болады. Ордағы бу қайта суға айналғанда пайда болған су торкөз түптің тесіктері арқылы төменгі түпке ағады. Ал бұл екі түптің арасы сабаннан бос болады. Орды бұлай етіп әзірлегенде ондағы сабанның дұрыс буландырылуына, әсресе ордың түбіндегі сабанның жақсы булануына қолайлы жағдай жасайды. Сабан буландыратын мұндай орлар әрбір текшеметріне 60—70 килограмм туралған сабан сиятын есеппен жасалады. Сабан буландыруға ордың орнына жақсы жасалған жәшіктерді де қолдануға болады.

Сабанды буландыру жұмысының өнімді жүргізілуі үшін бір ғана емес, бірнеше жәшіктерді, немесе 2 орды қатарынан пайдалануға да болады. Мұндай жағдайда оларда сабанды булау кезек жүргізіледі.

Сабанды жәшікке не орға салғаннан кейін оны булар алдында сумен дымқылдандыру керек. Бұлай еткенде будың қойыруы жақсарады. Ал егер бу нашар қойырса, онда сабан жұмсалмайды, қайта бұрынғысынан да қатқылдана түседі. Буландырғыш жәшіктің түбінен су ағу үшін жасалған тесіктен бу қаулап, көп шыға бастаған кезде жәшікке бу жіберу тоқтатылады, басқаша айтқанда буландырғыш жәшікке не орға бір рет толтырыла салынған, туралған сабан 35—40 минут ішінде буландырылып болады.

Туралған сабанды нәрлендіру мына әдіс бойынша жүргізіледі: Сабан арнаулы орға 35 — 40 сантиметр қалыңдықта салынады да содан кейін оған тұз ерітіндісі құйылады және дәнді дақыл ұны, кебек себіледі. Бұдан соң 35—40 сантиметр қалыңдықта сабан салынады. Осы әдіс бойынша ор толғанға дейін сабан концентратпен араластырылып салына береді. Араластыру мөлшері бір центнер сабанға 20 килограмм концентрат қосу есебімен жүргізіледі. Ор толғаннан кейін оның беті берік жабылады. Содан кейін орға 5—6 атмосфера қысымдықта 2—3 сағат бойына бу жіберу керек. Буландырып болған сабан 10—12 сағат бойына орда қалдырылады, содан кейін алынып, малға беріледі. Бұл жолмен буландырылып, нәрлендірілген сабанда сүйкімді иіс болады, оны мал сүйсініп жейді және оның азықтық маңызы құнарлы шөптің азықтық маңызынан кем болмайды.

Сабанды өздігінен қыздырып та нәрлендіруге болады. Ол үшін сабан туралып арнаулы жәшікке не орға (30—35 сантиметр қалыңдықта) нығыздалып салынады да, жылылығы 30 градус су құйылады. Су әрбір 100 килограмм туралған сабанға 7—8 шелек мөлшерімен құйылады. Содан кейін сабан барынша қатты тығыздалады. Мұндай тығыздықта әрбір текшеметр орынға 140 килограмм туралған сабан сиятын болады. Ор сабанға толтырылып болғаннан кейін беті жабылып, қақпақтың үсті ауыр затпен бастырылады. Ауа райының суық жағдайында ордағы немесе жәшіктегі сабанның суынып қалуына жол бермеу шараларын мұқият қарастыру қажет.

Ордағы немесе жәшіктегі сабан 3—5 тәулік бойына кейде одан да көп сақталады. Мұндай әдіспен әзірленген сабаннан ашытқысының иісі болады және оны мал сүйсініп жейді. Бірақ, бұлайша әзірленген сабанды малға аз-аздап күніне 2—3 рет беру керек. Өйткені бұл әдіс бойынша әзірленген сабан шіріп бүлінген болса, оны көп беру малдың организміне зиянды. Сабанды бұл әдіспен әзірлеу өте күрделі жұмыс, сонымен бірге малды күнбе-күн алдын-ала әзірленген сабанмен қамтамасыз ету ісін қиындатады. Оның үстіне сабанды қыздыру дұрыс жүргізілмесе, ол бүлінеді де, малдың организміне зиянды болады.

Соңғы жылдары ғылым мен практика сабанды малға беру үшін алдын-ала әзірлеудің жаңа әдістерін жасап берді. Мұндай жаңа әдістердің бірі —ірі сабақты жемшөпті химиялық өңдеу болып табылады.

Сабанды химиялық жолмен өңдегенде ол тек жұмсарып, малдың тауыса жеуіне жағдайлы болып қана қоймайды, сонымен бірге сабанның құнарлылығы да арттырылады. Қазір сабанды химиялық жолмен өңдеудің мал шаруашылығының және мал азығының Бүкілодақтық ғылми-зерттеу институттары ұсынған екі түрлі әдісі бар. Бұл әдістердің екеуі де туралған 100 килограмм сабанға 4 килограмм мөлшерінде күйдіргіш соданы араластыру арқылы өңдеуді ұсынады. Аталған екі әдістің бір-бірінен айырмашылығы сол,—оның біріншісі (мал шаруашылығының Бүкілодақтық ғылми-зерттеу институты) сабанға бір проценттік сілті ерітіндісін төрт рет, ал екіншісі (мал азығының Бүкілодақтық ғылми- зерттеу институты) екі проценттік сілті ерітіндісін екі рет араластыруды ұсынады. Бір проценттік ерітіндіні төрт рет қосқанда ол туралған сабанға жақсы араласпай, жәшіктің түбіне тұнып қалады. Сондықтан оған сабанды мезгіл-мезгіл соқталап отыру керек болады. Ал екі проценттік ерітіндіні екі рет араластырылған сабанды бір тәуліктен кейін малға беруге болады. Бұлайша өңделіп туралған сабанның құнарлылығы 1,5—2 есе арттырылады.

Көптеген колхоздар мен совхоздардың сабанды малға алдын-ала әзірлеп—турап, булап, нәрлендіріп беру жөнінде жинақталған едәуір тәжрибелері бар. Бұл тәжрибеден олар сабанды алдын-ала әзірлеудің мал азығын үнемді және тиімді жұмсауға пайдасы зор екенін анықтай түсіп отыр. Сондықтан үстіміздегі қыста да бұл жұмысты алдыңғы қатарлы колхоздар кеңінен жүргізуде. Бірақ сабанды малазық ретінде пайдалануға алдын-ала әзірлеу тек кейбір колхоздар мен совхоздарда ғана емес, облысымыздағы барлық колхоздар мен совхоздарда кеңінен қолданылуы қажет. Мұның өзі мал қыстатуды үлгілі өткізуге, жемшөптің қыс аяғына дейін толық жетуіне жағдай жасайды.

**Н. ФИЛИППОВ,**
**Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының бас зоотехнигі.**

# ССРО Жоғарғы сотында

1954 жылғы 14-19 декабрьде Ленинград каласында болған ашық сот мәжлісінде ССРО Жоғарғы сотының соғыс коллегиясы —председательдік етуші ССРО Жоғарғы соты председателінің бірінші орынбасары юстиция генерал- лейтенанты Е. Л. Зейдиннің және соттың мүшелері юстиция генерал- майоры В. В. Сюльдин мен юстиция полковнигі В. В. Борисоглебский құрамында, мемлекеттік айыптаушы —ССРО Бас прокуроры, юстицияның мемлекеттік толық кеңесшісі Р. А. Руденконың және қорғаушылар — Москва қалалық адвокаттар коллегиясының мүшелері Л. И. Гриневтің, М. В. Степановтың, Н. И. Роговтың, Л. В. Павловтың қатысуымен РСФСР қылмысты істер кодексінің 58-1 «б», 58-7, 58-8, 58-11 статьяларында көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін айыпталған ССРО-ның бұрынғы мемлекеттік хауіпсіздік министрі В. С. Абакумовтың, ССРО мемлекеттік хауіпсіздік министрлігінің ерекше маңызды істер жөніндегі тергеу бөлімінің бұрынғы бастығы А. Г. Леонтовтың, ерекше маңызды істер жөніндегі тергеу бөлімі бастығының бұрынғы орынбасарлары В. И. Комаров пен М. Т. Лихачевтің, ССРО мемлекеттік хауіпсіздік министрлігінің бұрынғы қызметкерлері И. А. Черновтың, Я. М. Бровершанның қылмысты ісін қарады.

Сот тергеуі алдын- ала тергеу материалдарын және айыпкерлерге тағылған айыптарды толық растады.

Айыпкер Абакумов, ССРО мемлекеттік хауіпсіздік министрінің қызметіне Берия ұсынған адам болғандықтан, қылмысты қаскүнемдік топқа тікелей қатысқан, Берияның Коммунистік партия мен Совет Үкметіне қарсы бағытталған дұшпандық тапсырмаларын орындап отырған.

Берияның жасағанындай қылмыстар жасап, Абакумов авантюралар мен саяси арандатушылық әрекеттер жолына түскен. Абакумов партия, совет аппаратының жеке қызметкерлері мен совет интеллигенциясының өкілдері үстінен жалған істер қозғап, содан кейін бұл адамдарды тұтқынға алған және тергеу жүргізудің совет заңы тыйым салған қылмысты әдістерін қолдана отырып, өзінің сыбайластары Леоновпен, Комаровпен, Лихачевпен бірлесіп, тұтқынға алынғандарға мемлекеттік ауыр қылмыстар жасаған кінәсін мойындайтын жалған жауаптар бергіздірген.

Абакумов осындай жолмен «Ленинградтық іс» дейтінді қолдан жасаған, бұл «іс» бойынша ең ауыр мемлекеттік қылмыстар жасады деп өтірік айыпталған бірқатар партия және совет қызметкерлері дәлелсіз тұтқынға алынған.

Сот тергеуі Абакумов пен оның сыбайластарының қылмысты істерді қолдан жасағандығының және социалистік заңдылықты қылмысты түрде аяққа басқандығының басқа да көптеген фактілерін анықтады.

Абакумов пен оның сыбайластары жалған айып таққан адамдар қазіргі уақытта

# БҰҰ Бас Ассамблеясы 9-шы сессиясының жабылуы

## *Қорытынды пленум мәжлісі*

НЬЮ-ЙОРК, 18 декабрь. **(СОТА-ның арнаулы тілшісі).** Кеше БҰҰ Бас Ассамблеясы 9-шы сессиясының қорытынды пленум мәжлісі болды. Бас Ассамблея әлеуметтік, гуманитарлық және мәдени мәселелер жөніндегі Комитеттің бірқатар ұсыныстарын және, атап айтқанда, «еріксіз еңбек» туралы қарарды бекітті. Бұдан бұрын хабар етілгеніндей, «еріксіз еңбек» туралы мәселе Бас Ассамблеяның күн тәртібіне АҚШ-тың талап етуімен енгізілген болатын. Бұл мәселені талқылау қазір Құрама Штаттардың Қытай Халық Республикасына қарсы жүргізіп, бұл жексұрын мақсаты үшін БҰҰ-ны кеңінен пайдаланып отырған жалақорлық және өшпенділік науқанының бір бөлегі болды.

СССР, УССР, БССР, Польша, Чехословакия делегациялары қарарды бекітуге қарсы дауыс берді. 10 делегация, соның ішінде араб елдері мен азиялық елдердің делегациялары дауысқа қойылған кезде қалыс қалды. Бұл мәселе Ассамблеяның кешегі пленум мәжлісінде талқыланған кезде гоминдандық сөз сөйлеп, Қытай Халық Республикасына жала жапты. Оның сөзі өрескел және шектен асқан сөз болғаны соншалық, тіпті Ассамблеяның председателі оның сөзін бөліп, оған сөз бермей қоюға мәжбүр болды. Совет Одағының өкілі Саксин БҰҰ-да ұлы қытай халқы жөнінде, әсресе ҚХР-дің заңды өкілдері жоқ уақытында жалақорлық әрекеттер жасалып отырғанына қарсы күшті наразылық білдірді.

Бұдан кейін Бас Ассамблея ҚХР-ге қарсы агрессиялық әрекеттер туралы және бұл әрекеттер үшін АҚШ соғыс-теңіз флотының жауапкершілігі туралы мәселе жөнінде Арнаулы саяси комитеттің баяндамасын талқылауға кірісті. ССРО делегациясы, Арнаулы саяси комитеттегі сыяқты, Бас Ассамблеяның қарауына да қарар жобасын енгізді, бұл қарар жобасында Қыйыр Шығыста бейбітшілік пен хауіпсіздікке қатер төндіріп отырған агрессиялық әрекеттерді айыптау ұсынылып, бұл ауданда туған жағдай үшін жауап беретін АҚШ үкметінің мұндай агрессиялық әрекеттерді тоқтатуға қажетті шаралар қолдауына ұсыныс жасалды. Бұл мәселе жөнінде сөз сөйлеген ССРО өкілі А. А. Соболев былай деп атап көрсетті: «Қытай Халық Республикасына қарсы агрессиялық әрекеттер туарлы және бұл әрекеттер үшін АҚШ соғыс-теңіз флотының жауапкершілігі туралы» мәселені Бас Ассамблеяның 9-шы сессиясының қарауына енгізе отырып, совет делегациясы Қыйыр Шығыста бейбітшілікті қолдау үшін зор маңызы бар проблеманы бейбітшілікпен неғұрлым тезірек реттеуге көмектесуді көздейтін талабын басшылыққа алды.

Әңгіме Қытай Халық Республикасының өмірлік мүдделері мен суверенді праволарына қарсы бағытталған АҚШ-тың әрекеттері туралы, ұлы қытай халқының және барлық бейбітшіл халықтардың заңды ашу-ызасын тудырып отырған әрекеттер туралы болып отыр.

Қытайдың суверенді праволарын және тиісті халықаралық келісімдерді бұза отырып, Америка Құрама Штаттарының қарулы күштері Қытайдың территориясы —Тайвань және Пэнхуледао аралдарын басып алды, сөйтіп, Қытайдың ішкі істеріне тікелей араласып, Қытай Халық Республикасы территориясының қолсұғылмайтын тұтастығына қарсы күш көрсету әрекетін қолданды.

АҚШ үкметінің бұл әрекетін Қытай Халық Республикасына қарсы бағытталған және бейбітшілік ісіне хауіпті зардаптарын тигізетін елеулі соғысқа арандату әрекеті деп қана қарауға болады.

АҚШ қарулы күштерінің Тайвань мен Қытай теңіздері ауданындағы агрессиялық әрекеттері салдарынан, деді бұдан әрі А. А. Соболев, хауіпті жағдай туып отыр, бұл жағдай үшін Тайвань ауданын жаңа соғыс ошағына айналдырып жатқан АҚШ-тың агрессияшыл топтары тікелей жауап береді.

ССРО өкілі Біріккен Ұлттар Ұйымының мұндай жағдайға төзіп отыра алмайтынын және оның Қыйыр Шығыстағы жағдайды бірқалыпқа келтіруге, агрессия әрекеттерін тоқтатуға, Қытай Халық Республикасының заңды праволарын қорғауға қажетті шаралар қолдануға тиіс екенін атап көрсетті.

УССР, БССР, Польша және Чехословакия өкілдері совет делегациясының ұсынысын қолдап сөз сөйледі. Американ делегаты мен чанкайшилік Совет Одағының ұсынысына қарсы шықты. Бұлар өздерінің сөздерінде АҚШ-тың ҚХР-ге қарсы агрессиялық әрекеттерін бекер демей, қайта бұл әрекеттерді ақтауға тырысты.

Бас Ассамблея АҚШ-тың ҚХР-ге қарсы агрессиялық әрекеттерін тоқтатуға және Қыйыр Шығыста шиеленісті бәсеңдетуге бағытталған совет делегациясының ұсынысын көпшілік дауыспен қабылдамады.

Осыдан кейін Ассамблея Қытай теңіздері ауданында еркін кеме қатынасының бұзылғандығы туралы мәселені және Арнаулы саяси комитетке АҚШ делегациясы қабылдатқан қарарды қарауға кірісті. Бұл мәселе жөнінде сөз сөйлеген ССРО өкілі А. А. Соболев былай деді: Совет Одағы делегациясының пікірінше, Бас Ассамблея талқыланып отырған мәселе жөнінде Сирия делегациясының ұсынғанындай тиісті қарар қабылдай алар еді. Бірақ, деп атап көрсетті Соболев, АҚШ делегациясы чанкайшиліктердің теңіздегі қарақшылық әрекеттерін бекер дей алмағандықтан, бұл мәселені аяқсыз қалдыруды, сауда кемелеріне шабуыл жасауға айыптыларды қорғап қалуды және мүдделі елдердің өздерінің заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуіне кедергі келтіруді көздеген айла-әрекет жасады. АҚШ делегациясының инициативасымен Ассамблеяға қарар жобасы ұсынылып отыр, бұл қарар жобасы, мәселенің түпкі мәнін елемей, бұл мәселені караумен байланысты есептер мен документтерді Арнаулы саяси комитеттің талқыланып отырған мәселеге ешқандай қатысы жоқ БҰҰ-ның халықаралық право жөніндегі комиссиясына формальді түрде бере салуды көздейді. Совет Одағының делегациясы, деді Соболев қорытындысында, қарақшылықты ақтауға тырысқан әрекеттерді батыл айыптайды. Американ қарары көпшілік дауыспен бекітілді.

Бұдан кейін Бас Ассамблея Саяси комитеттің Марокко және Тунис мәселелері жөніндегі қарарларын бекітті. Бұл қарардың екеуі де басым көпшілік дауыспен қабылданды, соның өзінде бірде-бір делегация қарсы дауыс берген жоқ.

Сонымен қатар әкімшілік және бюджет мәселелері жөніндегі Комитеттің БҰҰ секретариаты мен оның қызметшілеріне, кейбір бюджет мәселелеріне, соның ішінде БҰҰ 10 жылдығын мейрамдауды қаржыландыру сметасына қатысы бар қарарлары да бекітілді. Бас комитет, әкімшілік және бюджет мәселелері жөніндегі комитет мақұлдаған БҰҰ бас секретарының ұсынысы бойынша, бұл мейрам Сан-Францискода 1955 жылғы июльдің 20-нан 26-на дейін өткізіледі. Қарарда БҰҰ мақсаттары мен жұмыстарын түсіндіріп, насихаттау үшін бұл күнді пайдалану барлық елдерге ұсынылды.

Бас Ассамблеяның күн тәртібіндегі мәселелер қаралып болғаннан кейін Ассамблеяның председателі Ван Клеффенс 9-шы сессияны жабылды деп жариялады.

# ФРАНЦИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖЫЙНАЛЫСЫНДА

ПАРИЖ, 22 декабрь. (СОТА). Францияның Ұлттық жыйналысының кешегі кешкі мәжілісінде депутат коммунист Жак Дюклоның сөз сөйлеуі елеулі оқыйға болды. Ол Париж келісімдерінің саяси, экономикалық және соғыс жағынан алғанда хауіптілігін сипаттап берді. Париж келісімдерін бекіту, деді ол, ұлттың өкілдері алдына Францияның болашағы үшін жол ашатынын және бақылау дейтін сөздердің бәрі тек жұртшылық пікірін алдау ғана екенін көрсетті. Біздің, деп мәлімдеді ол, Париж келісімдерін бекіту Европада және бүкіл дүние жүзінде соғыс хаупін онан сайын күшейтеді деп атап көрсетуге праволымыз. Ресми топтарда Париж келісімдеріне қол қоюды ақтауға тырысып, егер Франция бұған келіспесе, мәселеге көшіп, Дюкло мынаны мәлімдеді: ССРО мен келіссөздерді «күш жұмсау позициясынан» жүргізбек болуды алатын болсақ, бұл қолдан келмейтін бос қыял. Өйткені, Париж келісімдері бекітілген жағдайда американ жағынан қолдауға ие болған нақ Аденауэр Мендес-Франс жөнінде күш жұмсау позициясына, көшеді. Міне сондықтан да, жалтақтап Англияға

# Француз-Совет договорының 10 жылдығын мейрамдауды өткізу жөніндегі комитеттің мәлімдемесі

ПАРИЖ, 22 декабрь. (СОТА). Француз-Совет договоры жасалуының 10 жылдығын және Францияның ССРО-ны тануының 30 жылдығын мейрамдауды өткізу жөніндегі комитет (Ұлттық жыйналыстың құрметті председателі Эдуард Эррио осы комитеттің председателі болып табылады) мәлімдеме жариялады. Мәлімдемеде былай делінген: қазіргі уақытта комитетке Францияның 200-ге жуық көрнекті саяси және қоғам қайраткерлері келіп қосылды. Атап айтқанда министрлер советінің бұрынғы председателі Поль Бонкур, белгілі француз жазушысы Франсуа Мориак, бұрынғы министрлер Поль Бастид, Жак Сустель, француз коммунистік партиясының секретары Жак Дюкло, генерал Пети, Эжени Коттон ханым, профессор Адамар, белгілі артистер Семона, Синьорэ, Ив Монтан, Жерар Филип және басқалары комитеттің құрамына кіріп отыр.

Мазмұндамада сонымен қатар былай деп атап көрсетілген: комитеттің алдында тұрған негізгі мақсат—«бірлескен қорғаныс кезінде жасалғандықтан, бейбітшілікті нығайтуға көмектесетін договорлардан» айнымайтындығымызды дәлелдеп беру мақсаты жоғарыда көрсетілген халықтарға арналған көптеген жыйналыстар кезінде француздар тарапынан мақұлданды. Мұндай жыйналыстар мен кештер, атап айтқанда, Парижда, Леонда, Боргода, Марсельде және Францияның басқа да ірі калаларында өткізілді.

# „Ағылшын халқы өз тағдырын өзі шешуге тиіс“

**Бейбітшілікті қорғаудың ағылшын комитетінің мәлімдемесі**

ЛОНДОН, 22 декабрь. (СОТА). Кеше бейбітшілікті қорғаудың ағылшын комитеті мәлімдеме жариялады, бұл мәлімдемеде ағылшын халқы Париж келісімдерін бекіту әрекетінің ағылшын-совет договорын өшіріп тастап, оның күшін жоятындығы жайында Совет Үкметінің Великобритания үкметіне жолдаған нотасында айтылған сақтандыруды елеулі түрде ойластыруға шақырылған.

Батыс Германияны қаруландыру саясаты «Англияны өткен дүниежүзілік соғыс аяқталған кезден бергі ең елеулі кризиске итермелейді, делінген мәлімдемеде . . . -Батыс Германия қаруландырылғаннан кейін ССРО-мен келіссөздер жүргізу идеясы—алдағандық болады. Лондон мен Париж келісімдерін қорғаныс келісімдері деп сипаттау әрекеті де алдағандық болып табылады. Қаруландырылған Батыс Германияны соғыс коалициясына енгізу саясаты бейбіт мақсаттарды жариялаумен және қатар өмір сүруге ұмтылған талаппен сыйыспайды. Ағылшын халқы өз тағдырын өзі шешуге тиіс».

Ағылшын-совет договорына қол қойылған кезде, деп көрсетілген мәлімдемеде ағылшын халқы бұл договорды «Европадағы бейбітшіліктің ірге тасы» деп құттықтаған болатын.

Тек ағылшын-совет договоры негізінде ғана және Совет Одағымен келіссөздер жүргізу негізінде ғана баянды бейбітшілікті қамтамасыз етіп, Германияны біріктіруге болады. «Ағылшын-совет договорын Лондон мен Париж келісімдеріне айырбастау—Англияның шын мүдделері жөнінде ең ауыр сатқындық әрекетін жасағандық болар еді»,—деп көрсетілген мәлімдемеде.

Мәлімдемеде ағылшын халқы Лондон мен Париж келісімдеріне қарсы күресті күшейтуге шақырылған.

# Ағылшын қауымдар палатасында

ЛОНДОН, 22 декабрь. (СОТА). Англиядағы американ самолеттерін атом бомбаларымен жабдықталғаны жақында мәлім болуына байланысты кеше парламентке мүше лейбористер қауымдар палатасында Құрама Штаттардың Англияда авиация базаларын құруына мүмкіндік беретін 1948 жылғы келісімнің қайта қаралуын талап еткен.

Пресс Ассошиэйшн агенттігінің хабарына қарағанда, бұл мәселені лейбористка Барбара Касл көтеріп, ол былай деп мәлімдеген: Солтүстік-атлантикалық одақтың соғыс жоспарлары болашақтағы соғыста атом қаруы келісімсіз-ақ қолданылады деген болжамға негізделіп жасалғанын осы одақ советінің сессиясы өткен аптада растап берді. Касл былай деген: «мұның мәнісі —соғыс жарияланған күнде, бұл соғыстың Англияда орналасқан американ стратегиялық авиациясы пайдаланылатын кең көлемдегі атомдық соғыс болуы даусыз деген сөз. Бұл фактіні және осы келісімге 1948 жылы қол қойылғаннан бергі уақыттың ішінде жағдайдың өзгергенін ескере отырып, қалай түзеуге немесе жоюға болатынын шешу оңай емес».

ЛОНДОН, 22 декабрь. (СОТА). Парламенттің ресми есебі бойынша, парламентке мүше бірнеше лейбористер 20 декабрьде қауымдар палатасында атомды жару әрекеттерінің зардаптары туралы мәселе көтерген.

В. Коллинс былай деп сұраған: сутегі бомбаларын сынау әрекеттерінің адамдардың өміріне, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіне зыянды әсер етіп отырғандығының көптеген айғақтары үсті-үстіне түсіп жатқандықтан, сыртқы істер министрі сутегі бомбаларын сынауға тыйым салдыру мақсатымен мүдделі державаларға ұсыныстар жасамас па екен?

Сыртқы істер министрінің орынбасары Тэртон бұған теріс жауап берген кезде, Коллинс былай деп мәлімдеген: «аспаннан жаудырылатын бұл ажалды тоқтату үшін үкмет нендей бір шаралар қолданады деп күтуге адамдардың праволы екендігін сыртқы істер министрінің орынбасары қалайша түсінбейді екен?»

Жасаған қылмыстарының іздерін жасыру үшін Абакумов тұтқынға алынғандардың СОКП Орталық Комитеті мен Совет Үкіметінің атына жазған арыздары мен шағымдарын тиісті орындарға жіберуге тыйым салып келген.

ССРО Жоғарғы сотының соғыс коллегиясы, Абакумов пен оның сыбайластарына тағылған айыптарды толығымен дәлелденді деп таныш: айыпкер И. А. Черновты 15 жыл мерзімге дейін еңбек түзеу лагерінде тұтқында ұстауға, айыпкер Я. М. Броверманды 25 жыл мерзімге дейін еңбек- түзеу лагерінде тұтқында ұстауға, айыпкерлер В. С. Абакумовты, А. Г. Леоновты, В. И. Комаровты және М. Т. Лихачевты қылмыстың ең ауыр жазасына —атуға үкім етті.

Жыйналғандар үкімді зор қанағаттанғандықпен қарсы алды.

Үкім орындалды.

## Италия депутаттар палатасында

РИМ, 23 декабрь. (СОТА). Анс агенттігінің хабарлауы бойынша бүгін Италияның депутаттар палатасында Париж келісімін бекіту туралы заң жобасы дауысқа қойылған. Мәжліске 550 депутат қатысты. 335 депутат бекітуді жақтап 215 депутат қарсы дауыс берді.

## ВЬЕТНАМ ХАЛЫҚ АРМИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 10 ЖЫЛ ТОЛУЫ

ШАНХАЙ, 22 декабрь. (СОТА). Бүгін Вьетнам халқы Вьетнам Халық армиясының құрылғанына 10 жыл толуын атап өтуде.

Вьетнам Демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Мин Вьетнам Халық армиясы құрылуының 10 жылдығына байланысты арнаулы сөзінде «8—9 жыл бойы жүргізілген қарсыласу күресінде берік табандылық көрсетіп, өзінің заңды міндеттерін орындап шыққан және ұсақ партизан отрядтары мен қазіргі заманғы армияға айналған» Вьетнам Халық армиясының солдаттары мен офицерлерін құттықтады.

Вьетнам Халық армиясының әскерлеріне 10 жылдыққа байланысты берілген бұйрықта армияның бас командашысы генерал Во Нгуен Зиап былай деп атап көрсеткен: «біздің халықтық армиямыздың күресі мен құрылуының тарихы—бұл империалистік державаның басып кіруіне қарсы шағын ұлттың қарулы күресінің тарихы...».

Генерал Во Нгуен Зиап Вьетнам Халық армиясының солдаттары мен офицерлерін президент Хо Ши Миннің «Отанды қорғау және бейбітшілікті сақтау мақсатымен халық армиясын нығайта беруге» деген нұсқауларын орындау үшін өздерінің әскери шеберлігін жетілдіріп, жауынгерлік рухын нығайта беруге шақырған.

маңызы бар проблемаларды қойды. Француз депутаттары, бәлкім, мұндай орасан зор жауапкершілікке ешқашанда кездеспеген болар. «Европалық қорғаныс бірлестігі» Батыс Германияда жаңа вермахттың қалпына келтірілуіне әкеліп соғатындықтан айыпталуы себепті, оның орнына сайып келгенде, тағы да сол мақсатқа бағытталған басқа жоба жасалмайды деп жорамалдауға болатын еді. Алайда АҚШ-тың, Англияның үкіметтері, сол сыяқты Аденауэр мен Мендес-Франс бұлай деп ойлаған жоқ.

Дюкло Париж келісімдерін бекіту Бонн кекшілдерінің шексіз қаруланаюы үшін Батыс Германияны қаруландыру Францияcыз-ақ жүргізілетін болады-мыс деп ұғындырмақ болды. Бұған біз былай деп жауап береміз: Бұл дұрыс емес, өйткені Францияның бұл праволарды құрметтеу үшін праволары да, мүмкіндіктері де бар.

Дюкло Францияның халықаралық келісімдері, оның географиялық жағдайы және Францияның Германиядағы оккупациялаушы держава болуы оған герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы белсене күресуге мүмкіндік беретінін атап көрсетті.

«Келіссөздерді қатар жүргізу» деп аталатындар немесе «күш жұмсау позициясынан» жүргізілетін келіссөздер туралы қараудың орнына, Париж келісімдерін бекітуден туатын Францияның хауіпсіздігі үшін және бейбітшілікті сақтау үшін зардаптар туралы ойлау керек.

Саар туралы француз-герман келісімін зеңбіректермен сауда жасаушылардың келісімі деп сипаттай келіп және Париж келісімдерін бекітуді жақтап отырған социалистік партияның басшыларын зор жауапкершілік туралы сақтандыра отырып, Дюкло француз халқының герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы білдірген наразылығына тоқталды. Париж келісімдерін бекітпеу керек, келіссөздер жүргізу керек, деп атап көрсетті ол. Франция халқы міне, осыны күтеді.

* * *

ПАРИЖ, 22 декабрь. (СОТА). Ұлттық жыйналысының бүгін таңертеңгі мәжлісінде Париж келісімдері жөніндегі айтыстар онан әрі созылуда.

Социалист Жюль Моктің сөйлеген сөзі үлкен орын алды, ол Совет Одағының «агрессияшылдығы» туралы атышулы тезисті батыл әшкерелеп, ССРО өзінің назарын бейбіт құрылысқа, көпшілік тұтынатын товарлар өндіруге аударуда. Соңғы жылы ол өзінің соғыс бюджетін едәуір азайтты деп атап көрсетті. Соңғы уақытта халықаралық жағдайдағы шиеленістің бәсеңдеуінің кейбір перспективаларының қайтадан басталғанын айта келіп, ол Париж келісімдерін бекіту жанталаса қаруланудың күшеюін туғызуы ал бұл перспективаларды жоюы мүмкін деген хауіп білдірді. Ол атом соғысының, әсресе, Франция үшін хауіптілігін депутаттардың есіне салып, бұл жағдайда халықтардың хауіпсіздігінің бірден-бір кепілі жаппай және бақылау қойылған қарусыздандыру болып табылатынын атап көрсетті.

Париж келісімдерін сынаумен бірге Мок француз парламентінің бұл келісімдерді бекітуден бастартуының «кейбір хауіпі» бар деген-ді көрсетуге тырысты.

Жюль Моктан кейін сөйлеген министрлер советінің председателі Мендес-Франс, егер Париж келісімдері бекітілетін болса, майда төрт державаның кеңесін шақырамын деген өзінің ұсынысымен ешбір негізсіз жаңадан дәмелендіріп, парламент депутаттарын Париж келісімдерін бекітуге көндіруге тырысты.

Бұдан соң социалист Жерар Жакэге сөз берілді, ол Герман армиясы мен неміс бас штабының қайта тудырылуы жөнінде тынышсызданғандық білдіргенмен Париж келісімдерін қорғады.

Бұдан кейін жергілікті уақыт бойынша 15 сағатка дейін үзіліс жарияланды.

Жалпы айтыстардың алғашқы біржарым күнінің өзіне тән ерекшелігі сол—ол герман милитаризмін қайта тудыру идеясын сөзсіз қорғауға әлі бірде-бір депутаттың батылы барған жоқ.

лық одаққа мүше мүдделі державалар арасында толық саяси бақылауды қамтамасыз ете алатындай консультациялық механизм құрудың қандай жоспарлары бар екенін айтып бермес пе екен?»

Черчилль бұл жөнінде қауымдар палатасында кейбір жағдайды хабарлай алар едім, бірақ қосымша сұраққа жауап ретінде мынадай хабар жұмсаймын деп жауап берген.

«Манчестер гардиан» газетінің 21 декабрьдегі хабары бойынша, деген лейборист Эмрис Хьюз, Англияның мүмкін болатын соғыстың алғашқы 30 сағатының ішінде-ақ құртылуы мүмкін. Хьюз Құрама Штаттардың Англияда авиация базаларын құруына мүмкіндік беретін келісім Англияның хауіпсіздігін шамалы түрде ғана қамтамасыз етеді деп мәлімдеген. Ол бұл келісімді қайта қарауды ұсынған.

Черчилль былай деп жауап берген: «Сіздер бұл мәселелерге үнемі елеулі түрде қаралмай және зерттелмей отыр деп ойламаңыздар. Менің ойымша бұл палатаның екі жағындағы жауапты өкілдерінің ойын билеп отырған басты мәселе. Жағдайдың қандай екені барлығымызға да түсінікті, бірақ бұл жағдайды

не ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымынан, денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі бүкіл дүниежүзілік ұйымнан ядроны жару әрекеттерінің өсімдіктер тіршілігіне, азық-түлік ресурстарына және адамның денсаулығына қандай әсер етіп отырғаны туралы мәліметтер сұратып алдыру жөнінде Тэртонның БҰҰ-дағы ағылшын өкіліне нұсқаулар беруін өтінген.

Лейборист Соренсен атомды жару саласындағы сынау әрекеттерінің мұндай тәжрибе жасап отырғандарға және жалпы алғанда халыққа қандай әсер етіп отырғанын зерттеуді өтініп, денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі бүкіл дүниежүзілік ұйымға хат жазуды ұсынған.

Тэртон мұны істеуден бастартып, мұндай мәселелер ғалымдардың атом қуаты мәселелері жөніндегі халықаралық конференциясында талқыланады деп мәлімдеген.

Лейборист Элвин Джонс ядролық қаруды пайдаланудың заңдылығы туралы бүкіл мәселені халықаралық сотқа беруге болмас па екен деп сұраған.

Тэртон бұған ешқандай жауап қайтармаған.

## СОҒЫС ҚЫЛМЫСТЫСЫНЫҢ АРСЫЗДЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

ПАРИЖ, 22 декабрь. (СОТА). «Юманитенің» хабарына қарағанда, франколық Испанияда шығатын «Абс» газетінде жуырда гитлершіл басты соғыс қылмыстыларының бірі Фон Папеннің мақаласы басылған. Мақалада барлық немістерді Германияның Шығыс провинцияларын жеңіп алуға шақырған үндеу бірінші кезектегі міндеті етіліп қойылған.

## ЧЕРЧИЛЛЬДІҢ ҚАУЫМДАР ПАЛАТАСЫНДАҒЫ СҰРАҚҚА БЕРГЕН ЖАУАБЫ

ЛОНДОН, 22 декабрь. (СОТА). Рейтер агенттігі былай деп хабарлайды: қауымдар палатасында қойылған сұраққа жауап бере келіп, Черчилль 21 декабрьде былай деп мәлімдеді: Құрама Штаттардың Англия территориясындағы әуе базаларын пайдалануы туралы 1948 жылғы ағылшын-американ келісімін ағылшын үкметі бұрынғысынша сақтайды.

## Бивеннің мәлімдемесі

ЛОНДОН, 19 декабрь. (СОТА). 18 декабрьде Рексемде (Денбипирде) НАТО Советінің сессиясы жөнінде сөз сөйлеген Бивен бұл сессияның қарарларын сынаған.

«Біз сутегі бомбаларының пайдасына неліктен қарар қабылдап отырмыз? — деп сұраған Бивен.—Біз сонымен бірге Батыс Германияны қайта қаруландыру туралы неліктен қарар қабылдап отырмыз? Соңғы 3—4 жылдың ішінде пікірін білдіруге правосы бар барлық мемлекеттік қайраткерлер халықаралық жағдай нашарлады деген қорытындыға келіп отыр. 1950 және 1951 жылдары бізге былай деген еді: 1953 және 1954 жылдар ең хауіпті жылдар болады, мұның өзі соғыс хаупін анағұрлым күшейтетін жылдар болады, сондықтан біз осыған сәйкес әзірленуге және Германияны қайта қаруландыруға тиіспіз.

Мен бұған келіспей келдім. Мен бұлай деп бағалау дұрыс емес деп санап келдім, сондықтан да олардың айтқаны емес, менің айтқаным дұрыс келіп отыр».

Германияны ремилитарландыруды ақтаудың, деген Бивен бұдан кейін, ресми дәлелі неде болып отыр? Мұның ресми дәлелі мынадай: немістер қаруланысымен-ақ біз орыстармен келісімдерді күш жұмсау тұрғысынан жүргізе алатын боламыз.

Бивен бұдан кейін былай деп мәлімдеген: «Ал бұл уақыттың ішінде орыстар немен шұғылданбақшы? Олардың қолын қусырып, отыра беретін ойы бар ма екен? Олардың мұндай ойы жоқ екенін қазірдің өзінде-ақ айтып берді. Сонымен, Біз Батыс Германияны қайта қаруландырғаннан кейін орыстардың анағұрлым күшті болғанын, қарудың күші арта тұрса да: Шығыс пен Батыс арасында күшке негізделген қатынастар болып отырғанын көретін боламыз. Біз бұрынғыдан күшті болмаймыз, қайта біз бұрынғыдан да әлсіз боламыз. Мынадай жағдайды көз алдымызға елестетейік: осыдан кейін біз орыстардың келіссөздер жүргізуге көзін жеткіземіз, оларға келіссөздер жүргізетін өз талаптарымызды қоямыз. Міне осыны логикаға сыйдырыңдаршы. Біз орыстарға не айтамыз? Біз оларға бұрын нені айтып келген болсақ, бұл жолы да соны айтатын боламыз: олар Германиядан кетіп, өзінің барлық базаларын тапсыруға тиіс, ал біз өз базаларымызды сақтаймыз, орыстар, немістердің бірігуіне, қайта қаруланууына және Батысқа қосылуына рұқсат беруге тиіс дегенді айтатын боламыз. Ал бұған орыстардың теріс жауап беретінін біз білеміз». Совет Одағы жөнінде «күш жұмсау тұрғысынан жүргізілетін» саясаттың табысты болуына үміттенудің мағнасыз екендігін атап көрсетіп, Бивен былай деген: «Біздің бейбітшілікке әзірленбей, қайта соғысқа әзірленіп отырған себебіміз неліктен?».

Бивен былай деп мәлімдеген: егер батыс блогі бейбітшілікке шын ниетімен ұмтылып отырған болса, онда Қытайды БҰҰ-ға тезінен алу керек. «Біріккен Ұлттар Ұйымының бас секретары Пекинге неліктен барып жүр? Ал Пекин Біріккен Ұлттар Ұйымына неліктен шақырылмай отыр?».

Бұдан кейін Бивен былай деп сұраған: «Біздің Европада орыстармен кездеспей отырған себебіміз не? Орыстардың ұсыныстарының мәні қандай екенін біздің білгіміз келмейтін себебі не? Олар бізді шақырып отырғанда, біз неліктен бастартып, мұны —Франция мен Англияны немесе Англия мен Американы бөлшектеу әрекеті дегенді айтып отырмыз? Мүмкін, біз олармен келіссөздер бастаудан қорқатын шығармыз? Біз қорқыту әрекетін қолдану орнына келіссөздер жүргізу мүмкіндігін пайдаланудан не себепті қасарысып бастартып келеміз?».

**Редактордың орынбасары Ғ. НҰРМОЛДИН.**

1955 жылға республикалық «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда», «Лениншіл жас», «Ленинская смена», «Қазақстан пионері» газеттеріне жазылушылар қабылданады.

Сол сыяқты республикалық «Қазақстан коммунисі», «Коммунист Казахстана», «Үгітші блокноты», «Блокнот агитаторы», «Сталин жолы», «Советский Казахстан», «Сельское хозяйство Казахстана», «Қазақстанның ауыл шаруашылығы», «Пионер» журналдарына жазылушылар қабылданады.

Газет, журналдарға қалалық байланыс мекемелерінде аудандық байланыс мекемелерінде, бөлімшелері мен агенттіктерінде, сондай -ақ кәсіпорындарындағы, МТС-тердегі, колхоздар мен совхоздардағы, оқу орындары мен мекемелердегі қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

**Облыстық «Союзпечать».**

## Киноларда

**«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында**

**«ЗАПАСТАҒЫ ОЙЫНШЫ»**

Сеанстар сағат 5, 6-30, 8-30 және 10-да басталады.

Петропавлдың шойын құю- таразы заводына түпкілікті жұмысқа тиеушілер, үлгі құюшылар, балғашылар, газбен болат балқытушылар, слесарьлар, моляр, көмекші цех жұмысшылары, үй сыпырушылар, құрылыста жұмыс істеушілер, шоферлар және цех бастықтары КЕРЕК.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Базар көшесі, 8-үйге, кадр бөліміне келіп түсінік алуға болады.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор—1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылығы өнеркәсіп транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады

УШ 02923. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.